

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР	4
1-БАП – МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	4
2-БАП – ИНТЕРПРЕТАЦИЯ	4
3-БАП – ҚАҒИДАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	4
1-ТАРАУ – МАТЕРИАЛДЫ ҚҰРЫЛЫМЫ	4
4-БАП – КІЛЕМ	4
5-БАП – СПОРТШЫНЫҢ КИІМ-КЕШЕГІ	6
6-БАП – ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЛИЦЕНЗИЯСЫ	11
7-БАП – ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ САЛМАҚ ДӘРЕЖЕЛЕРІ.....	12
2-ТАРАУ – ЖАРЫСТАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ	14
8-БАП – ЖАРЫСТАРДЫҢ ЖҮЙЕСІ.....	14
9-БАП – ЖАРЫСТАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ.....	17
10-БАП –МАРАПАТТАУ САЛТАНАТЫ.....	17
3-ТАРАУ – ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ	18
11-БАП– САЛМАҚ ӨЛШЕУ.....	18
12-БАП – ЖЕРЕБЕ ТАРТУ.....	19
13-БАП – АЛҒАШҚЫ ХАТТАМА.....	20
14-БАП – ЖАРЫСТАН ШЫҒУ.....	21
4-ТАРАУ – ТӨРЕШІЛЕР БРИГАДАСЫ	22
15-БАП – ТӨРЕШІЛЕР БРИГАДАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ	22
16-БАП – ТӨРЕШІЛЕР БРИГАДАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ	23
17-БАП –ТӨРЕШІЛЕР ФОРМАСЫ	23
18-БАП – АРБИТР	24
19-БАП – ҚАПТАЛДАҒЫ ТӨРЕШІ	25
20-БАП – КІЛЕМ БАСШЫСЫ	26
21-БАП – ТӨРЕШІЛЕР БРИГАДАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ҚОЛДАНАТЫН САНКЦИЯЛАР	27
5-ТАРАУ –ЖЕКПЕ-ЖЕК (ПАЛУАНДАРДЫҢ БЕЛДЕСУІ)	27
22-БАП – ПАЛУАНДАР ЖЕКПЕ-ЖЕГІНІҢ ҰЗАҚТЫҒЫ	27
23-БАП – КІЛЕМГЕ ШАҚЫРУ	28
24-БАП – АҚТЫҚ МӘРЕДЕ ПАЛУАНДАРДЫ ТАНЫСТЫРУ	28
25-БАП – БЕЛДЕСУДІҢ БАСТАЛУЫ	28
26-БАП – БЕЛДЕСУДІ ТОҚТАТУ	29
27-БАП – БЕЛДЕСУДІ АЯҚТАУ	30
28-БАП – БЕЛДЕСУДІ ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ЖАЛҒАСТЫРУ	30
29-БАП –ЖЕҢІСТІҢ ТҮРЛЕРІ.....	31
30-БАП – БАПКЕР	32

31-БАП – ЧЕЛЕНЖ (НАРАЗЫЛЫҚ).....	33
32-БАП – ЖЕКЕ ЖАРЫСТАР КЕЗІНДЕ КОМАНДАЛАРДЫ ЖІКТЕУ	34
33-БАП – КОМАНДАЛЫҚ ЖАРЫСТАРДАҒЫ РЕЙТИНГ ЖҮЙЕСІ	34
6-ТАРАУ – ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ БАҒАЛАУ	35
34-БАП – ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ЖӘНЕ АМАЛДАРДЫҢ ТҮСІНДІРМЕСІ	35
35-БАП – ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙ	36
36-БАП – ҰПАЙЛАРДЫ ЖАЗУ	37
37-БАП – ЖОҒАРЫ АМПЛИТУДАМЕН ЛАҚТЫРУ	37
38-БАП – ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ЖӘНЕ АМАЛ-ӘРЕКЕТТЕРДІ БАҒАЛАУ	37
39-БАП – ШЕШІМ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАРИЯЛАУ	40
40-БАП – НӘТИЖЕЛЕР КЕСТЕСІ	40
7-ТАРАУ – ЖЕҢІСТЕН КЕЙІН БЕРІЛЕТІН КЛАССИФИКАЦИЯЛЫҚ ҰПАЙЛАР	41
41-БАП – КЛАССИФИКАЦИЯЛЫҚ ҰПАЙЛАР	41
42-БАП – ТУШЕ	42
43-БАП – ТЕХНИКАЛЫҚ БАСЫМДЫҚ	43
8-ТАРАУ – ПАССИВТІ БЕЛДЕСУ	43
44-БАП – ЖЕКПЕ-ЖЕК КЕЗІНДЕ ПАРТЕРДЕГІ КҮРЕС	43
45-БАП – ПАССИВТІ АЙМАҚ	44
46-БАП – ТӨМЕН БЕЛСЕНДІЛІК	46
9-ТАРАУ – ТЫЙЫМДАР ЖӘНЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН АМАЛ-ӘРЕКЕТТЕР	48
47-БАП – НЕГІЗГІ ТЫЙЫМДАР	48
48-БАП – ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕН КЕТУ	49
49-БАП – КІЛЕМНЕН КЕТУ	50
50-БАП – ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН АМАЛ-ӘРЕКЕТТЕР	51
51-БАП – ЕРЕКШЕ ТЫЙЫМДАР	52
52-БАП – ЕРЕЖЕ БҰЗУ КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР	53
10-ТАРАУ – НАРАЗЫЛЫҚ	53
53-БАП – НАРАЗЫЛЫҚ	53
11-ТАРАУ – МЕДИЦИНА	53
54-БАП – МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	53
55-БАП – МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ АРАЛАСУЫ	54
56-БАП – ДОПИНГ	55
12-ТАРАУ – КҮРЕС ҚАҒИДАЛАРЫН ҚОЛДАНУ	55

КІРІСПЕ

Күрес – басқа да спорт түрлері секілді мақсаты қарсыласын жауырынға «тастау» немесе ұпай жағынан басым түсу болып табылатын әрекетті анықтайтын белгілі бір «ойын қағидаларына» бағынады.

Грек-рим және еркін күрестерінің мынадай қағидатты ерекшеліктері болады:

- грек-рим күресінде қарсыласын белден төмен ұстауға, аяқтан шалуға немесе амал-әрекет жасау кезінде аяқты белсенді пайдалануға тыйым салынған;

- еркін немесе әйелдер күресінде керісінше, қарсыласын белден төмен ұстауға, аяқтан шалуға немесе аяқпен амал-әрекет жасауға рұқсат берілген;

- әйелдер күресі еркін күрестің қағидалары бойынша өткізіледі, алайда «Двойной Нельсон» амал-әрекетіне түбегейлі тыйым салынған.

Осы Қағидаларды барлық спортшылар, бапкерлер, төрешілер және басшылық білуі және басшылыққа алуы тиіс.

Халықаралық күрес федерациясының (UWW) шешімі бойынша осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Ондай жағдайда Қағидаларды қайта қарап, түзету қажет.

Сондай-ақ, осы Қағидаларды түсіндіру кезінде дау-дамай туындаған жағдайда UWW <https://uww.org>.

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР

1-бап. Мақсаттары мен міндеттері

Осы Қағидалар UWW конституциясына, Қаржы қағидаларына, Дисциплинарлы қағидаларға, Халықаралық жарыстар ұйымдарының қағидаларына сәйкес әзірленген және келесідей мақсаттарға қол жеткізуді көздейді:

- жекпе-жек өткізудің практикалық және техникалық шарттарын анықтау және түсіндіру;
- жарыс өткізудің жүйесін анықтау, жеңімпаздарды айқындау тәсілдері;
- жарыс нәтижелерін, қағидаларды бұзғаны үшін санкциялар жүйесін анықтау;
- күрестегі амалдарды және іс-әрекеттерді бағалау жүйесін суреттеу және түсіндіру;
- мүмкін болатын жағдайларды және тыйым салынған іс-әрекеттерді суреттеу;
- лауазымды тұлғалардың техникалық міндеттерін анықтау.

Анағұрлым жетілдірілген нұсқасын іздестіруге байланысты, үнемі өзгерістер енгізу нысаны болып табылатын осы құжатта жазылған Қағидалар, өз шеңберінде барлық стильдегі күрес секілді спорт түрін жүзеге асыратын модельді құрайды.

Дәстүрлі күрестің түрлерінде әр стильге арналған өзінің арнайы ережелері болады.

2-бап. Интерпретация

Осы қағидалардың қандай да бір бабындағы интерпретацияға байланысты келіспеушіліктер болған жағдайда, тек UWW атқарушы комитеті ғана сол баптың нақты мағынасын анықтауға уәкілетті. Француз тіліндегі мәтін ресми болып табылады.

3-бап. Қағидаларды қолдану

UWW қолдауымен өткізілетін Олимпиада ойындарында, Чемпионаттарда және барлық халықаралық жарыстарда осы қағидаларды қолдану міндетті болып табылады.

Халықаралық турнирлерде UWW және барлық қатысушы мемлекеттердің келісімі бойынша жарыстардың әртүрлі жүйелері қолданылуы мүмкін.

1-ТАРАУ – МАТЕРИАЛДЫ ҚҰРЫЛЫМЫ


4-бап. Кілем

Олимпиада ойындарын, чемпионаттарды және кубоктарды өткізу кезінде және аталмыш жарыс түрлері бойынша сергіту және жаттығу жұмыстарын

өткізу үшін диаметрі 9 метр болатын және 1,5 метрлік қорғаныс аумағы бар тек қана жаңа және UWW мақұлдаған жаңа кілемдер болуы тиіс.

Басқа халықаралық жарыстарда сапасы жақсы кілемдер (стандартталған, лицензияланған) болуы тиіс, жаңа болуы міндетті емес.

Сондай-ақ, күрес аумағына кіретін ені 1 метр болатын қызыл сары түсті жолақ диаметрі 9 метрлік шеңберді сипаттайды.



Орталық шеңбер кілемнің ортасын көрсетіп тұр (диаметрі 1 метр)

Қызыл сары түсті аумақтың ішіндегі жекпе-жек болатын кілемнің орта бөлігі диаметрі 7 метр болатын шеңберден тұрады.

Қызыл сары түсті жолақ -(ені 1 метр).

Қорғаныс аумағы - 1,5 метр.

Олимпиада ойындарын, әлемдік және континент аралық чемпионаттарды өткізу кезінде кілем 1 м.10 см. жоғары емес және 80 см төмен емес платформада орналасуы тиіс. Платформаның үстіңгі жағы кілемнің үстіңгі жағынан кілемнің әрбір тұсын қоса алғанда кем дегенде 2 метрге үлкен болуы тиіс.

Егер екі немесе одан да көп кілем қолданылған жағдайда, кілемдердің ара қашықтығы 2 метр болуы тиіс.

Егер кілем платформада орналасқан болса, және қорғаныс аумағы (кілемнің және кілемнің айналасындағы ашық жерлер) 2 метрден аспайтын болса, платформаның жақтаулары бұрышы 45 градус болатындай ойысуы қажет. Мұндай жағдайда платформаның қорғаныс аумағының түсі кілемнің түсінен ерекшеленіп тұруы тиіс.

Кілемнің жанындағы ағаш еденге мықтап бекітілген жұмсақ жабынды төселуі тиіс.

Табло кілемнің жанындағы жеке платформада (тұғырда) орналасуы қажет.

Ауру жұқтырып алу қаупін алдын алу үшін жарыстардың әрбір кезеңінің аралығында кілем жуылып, зарарсыздандырылуы қажет.

Палуанның бапкер-секунданты өзіне тиісті бұрышта тұруы тиіс. Қызыл бұрыш және қызыл триколы палуан кілемнің сол жақ бұрышында орналасады, ал көк түсті оң жақ бұрышта орналасады.

Кілемнің айналасында үлкен, кең ашық жер болуы керек, бұл өз кезегінде жарысты дұрыс өткізуге кепілдік береді.

Кілемге UWW және өндірушілердің логотипін орналастыруға қатысты барлық мәселелер UWW келісілуі тиіс және қатаң түрде өндірушіге берілген нұсқаулыққа сәйкес орналасуы қажет.

5-бап. Спортшының киім-кешегі

UWW қолдауымен өткізілетін жарыстарға қатысу үшін, барлық жас ерекшеліктеріндегі спортшылар «UWW бірыңғай формасына қойылатын талаптар» құжатында жазылған талаптарға сәйкес трикода болуы тиіс. Бұл талаптар триконың инновациялық үлгісіне байланысты және күрес қағидаларына сәйкес келеді.

UWW қолдауымен өткізілетін жарыстардың барлық қатысушылары: Ұлттық федерациялар, Олимпиада ойындарында Ұлттық Олимпиадалық комитеттері олардың делегация мүшелерінің осы Қағидаларға сәйкес әрекет етуіне және киім-кешекпен жабдықталуына жауапты болады.

Трико (палуандар трикосы) – бұл Олимпиадалық күрес түрлерінде пайдаланылатын стандартты бірыңғай форма.

Триконың түсі, маркер, логотип жапсыру, құлақ қорғағыш және палуандар аяқ киімі туралы толық ақпарат алу үшін «UWW бірыңғай формасына қойылатын талаптар» деген арнайы құжатпен танысу қажет.

Аталған құжаттан үзінді

2. Палуандар трикосы

2.1 Жалпы талаптар

Палуандар трикосы - бұл барлық олимпиадалық күрес түрлерінде пайдаланылатын стандартты бірыңғай форма.

Трико жұмсақ матадан тігіледі, тұтас және денеге жабысып тұрады, спортшыға және оның қарсыласына ыңғайсыздық тудырмайтын жатық тігістерден тұрады. Трико спортшының қимылына кедергі келтірмеуі керек және спортшының әртүрлі техникалық амал-әрекеттерді орындауына мүмкіндік беретіндей созылмалы болуы қажет.

2.2 Арнайы талаптар

2.2.1 Ерлер трикосы

Трико келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- алдыңғы жағының мойын тұсының ойығы 12 см аспауы тиіс;

- артқы жағының мойын тұсының ойығы 10 см аспауы тиіс;
- қолтық тұсының ойығы 30 см аспауы тиіс;
- триконың балақ тұсы тізеден жоғары, бірақ тізеден 15 см жоғары болмауы тиіс.

2.2.2. Әйелдер трикосы

- алдыңғы жағының мойын ойығы 15 см аспауы тиіс;
- артқы жағының мойын ойығы 10 см аспауы тиіс;
- қолтық тұсының ойығы 21.5 см артық болмауы керек.
- триконың балақ тұсы тізеден жоғары аяқталады, бірақ тізеден 15 см жоғары болмауы керек.

Әйелдерге арналған трико ерлерге арналған трикоға ұқсамауы керек.

2.3 Түсі

Әртүрлі елдердің өкілдері түсі бірдей трико пайдаланбас үшін, трикоға келесідей талаптар қойылады:

2.3.1 Базалық түс

Барлық елдер өз туындағы түстерді негізге ала отырып, өз триколарының үлгісін әзірлеуі тиіс.

Белгілі бір жағдайда ғана жеңілдіктер жасалуы мүмкін және ол халықаралық күрес федерациясымен (UWW) бекітілуі тиіс. Мемлекеттің туында бейнеленген, таңдалып алынған түс триконың 70 пайызын құрауы қажет.

Көк маркерлі трико мен қызыл маркерлі трико UWW бекітуге жіберілуі тиіс. Тиісті маркерлі (көк немесе қызыл) трико үшін белгілі бір түстер қолданылуы мүмкін.

Мемлекеттердің өзінің жеке түстерінен бөлек қызыл және көк маркерлер спортшыны айқындау үшін қолданылады.

Мемлекеттер көк маркерлі трикоға келесі түстерді пайдалана алады: қара, көк, сұр, күлгін, күміс түстес.

Мемлекеттер қызыл маркерлі трикоға келесі түстерді пайдалана алады: ақ, қызғылт сары, қызғылт, қызыл, сары, қоңыр, алтын түстес.

2.4 Маркерлер

2.4.1 Көк және қызыл маркерлер

Триконың үш маркері болуы қажет:

- әрбір балақтың аяқ жағында ені 7 см болатын екі жолақ;
 - ені 7 см болатын бір жолақ арқасында спортшының тегі және мемлекеттің аббревиатурасы жазылған жердің астыңғы жағында орналасады.
- Бұл маркер тек арқа тұсына қойылады.

Ескерту: қызыл және көк маркерлер - бұл тек техникалық детальдар, сондықтан да маркерге сурет, логотип және басқа да белгілер салуға тыйым салынған. Маркерлер спортшының тегінің және мемлекеттің аббревиатурасының астына қойылады.

Қызыл маркерге Pantone 2347C түсі, ал көк маркер үшін Pantone 299 түсі пайдаланылады.

Көрнекі қабылдау үшін төмендегі суреттерді қараңыз:

Ерлер трикосы / қызыл маркерлері бар ақ түсті:



2.4.2 Спортшының тегі, ҰОК эмблемасы және мемлекеттің аббревиатурасы

Тегінің және мемлекеттің аббревиатурасының орналасуы және көлемі келесі талаптарға сай болуы қажет:

- тегін жазу үшін "Arial Narrow" шрифты, ал мемлекеттің аббревиатурасы үшін "Arial" шрифті қолданылады;
- 8 және одан аз әріптен тұратын тегінің әріптері және мемлекеттің аббревиатурасы бірдей биіктікте жазылады. Егер тегінде әріптер көп болса, алғашқы бас әріптен кейінгі әріптердің көлемі кішірейеді;
- әріптердің биіктігі. Тегіндегі әріптер мен мемлекеттің аббревиатурасының биіктігі 5 см болуы шарт, немесе егер тегінде әріптер көп болса, белгіленген аумаққа сыйдырып жазу үшін тиісті көлемде жазылуы керек.

Мысалы:

SMITH
USA

Спортшының тегі жарты шеңбердің үстінде немесе мемлекеттің аббревиатурасының үстінде параллель латын әріптерімен жазылады.

Ту немесе ҰОК логотипі кеуденің сол жақтауында орналасады. Мемлекеттің аббревиатурасы арқа жағында спортшының тегінің астына жазылады. Аббревиатураның көлемі 10 X 10 см аспауы керек.

2.4.3 Басқа да белгілер

Триконы өндірушінің бір белгісін кеуденің оң жақ тұсына және бір белгісін белдің астына ауданы 30 см² болатындай етіп орналастыруға рұқсат беріледі.

Тағы бір сауда белгісін белдің жоғары немесе төменгі жағына орналастыруға болады. Мұндай белгілердің ауданы 10 см² аспауы тиіс және арақашықтығы бір-біріне жақын болуы керек.

2.4.4 UWW логотипі

UWW ресми белгісі арқада оң жақ тұста жамбастың төменгі бөлігінде орналасады, ауданы 30 см² дейін болады. Ақ түсті белгі қара түсті трикоға, қара түсті белгі ақ түсті трикоға салынады.

Төмендегі сурет UWW белгісінің қандай болу керектігін көрсетеді.



2.4.5 Демеушілер логотипі

Демеушілер логотипін олимпиада ойындарынан басқа, UWW барлық жарыстарына арналған триколарға салуға рұқсат беріледі және олар төменде көрсетілген талаптарға сай орналасуы қажет:

- демеушілердің логотипін орналастыру үшін барлығы үш сектор ғана пайдалануға рұқсат беріледі. Логотиптер А, В және D секторларында немесе С және Е секторларында орналасады.

Демеушілерге арналған секторды бір немесе бірнеше демеуші пайдалана алады.

А секторы: алдыңғы жақ, оң аяқ

В секторы: алдыңғы жақ, сол аяқ

С секторы: алдыңғы жақ; мемлекет туының және триконы өндірушінің логотипінің астында.

Д секторы: артқы жақ, арқасында

Е секторы: артқы жақ, сол аяқ.



Құлақ қорғағыш:

Палуан UWW мақұлданған, темір құрылғылары жоқ және жұмсақ жарғақшалары (жұмсақ материалдармен қапталған) бар құлаққа арналған қорғанышты пайдалана алады.

Арбитр шашы ұзын спортшыны құлаққа арналған қорғаныш шлемін киюге міндеттей алады.

Аяқ киім:

Спортшылар тобықты (табан буындарын) мықтап ұстап тұратын күреске арналған аяқ киім (борцовка) киюлері тиіс. Өкшесі бар немесе табаны қатты, қатты тоғасы немесе кез-келген темірі бар аяқ киім киюге тыйым салынады. Белдесу кезінде баулары шешіліп кетпес үшін жабысқыш немесе арнайы ыңғайланған таспамен жапсырылған болуы тиіс. Әрбір спортшы бауларының дұрыс байланғанына қатаң мән беруі қажет. Кілемге шықпастан бұрын баулардың дұрыс байланғаны тексеріледі.

Салмақ өлшеу кезінде төрешілер әрбір спортшының жоғарыда аталған талаптарды орындағанын тексереді. Палуанға салмақ өлшеу кезінде егер де

оның сыртқы түр келбеті талаптарға сай келмейтін болса, жарысқа жіберілмейтіндігі жөнінде ескертіледі.

Егер палуан ескертулерді елемеген болса, жарыстан кейін оның Ұлттық федерациясына санкция қоланылады.

Егер палуан жоғарыда аталған ескертулерді бұза отырып кілемге шыққан жағдайда, оған жіберген қателіктерін жоюға бір минут беріледі. Егер талаптар орындалмаса, спортшы жеңілді деп есептеледі.

Тыйымдар:

- формасына (трико) өзге мемлекеттің аббревиатурасын немесе туын жазуға;

- жарақаты болмаса да қоспасына, қолына, тобығына бандаж тағып белдесу. Жарақаты немесе дәрігердің ұсынымы болған жағдайда бандаж қолдануға рұқсат беріледі. Бандаж жұмсақ созылмалы дәкемен жабылуы қажет;

- денеге майлы (сырғанақ) немесе жабысқақ заттар жағуға;

- кілемге терлеген денемен шығуға (жекпе-жектің басында да, сондай-ақ әрбір кезеңде);

- қарсыласына зақым (жарақат) келтіретін заттар тағып шығуға: сақина, білезік, алқа және т.б.;

- қыздар күресінде триконың ішінен сымдары бар іш киім киюге.

Талаптарды сақтмағаны үшін жауапкершілік

UWW ұйымдастырған барлық іс-шараларда ұлттық федерациялар, ал Олимпиада ойындарында Ұлттық Олимпиадалық комитеттері олардың делегация мүшелерінің немесе пайдаланып жүрген заттары осы Қағидалардың талаптарына сай болуын қамтамасыз етуге жауапты болады.

6-бап. Қатысушылардың лицензиясы

UWW халықаралық күнтізбесіне енгізілген Олимпиада ойындарына, әлем чемпионатына, әлем кубогына, континет аралық чемпионаттарға, кубоктарға немесе ойындарға, өңірлік ойындарға, әлемдік және континентаралық лигаларға, халықаралық турнирлерге қатысатын барлық ерлерде және қыздарда, кадеттерде, жасөспірімдерде немесе ересектерде арнайы қағидалармен көзделген спортшының лицензиясы болуы қажет.

Әлем чемпионатына немесе өзге халықаралық іс-шараларға қатысатын барлық ардагерлердің лицензиясы болуы қажет.

Лицензия егер де жарыс кезінде жарақат алған жағдайда медициналық сақтандыруды, аурухана шығындарын қамтамасыз ететін болады.

Лицензия 1 жылға дейін жарамды болады және жыл сайын жаңартылып отыруы қажет.

Лицензияны қатысуы жоспарланған жарыстың алдында екі ай алдын жаңарту қажет. Бұл екі ай лицензияны қайта жаңарту және төлем жасау үшін қажет.

7-бап. Жас ерекшеліктері және салмақ дәрежелері

Жарыста палуандарды жас және салмақ ерекшеліктері бойынша бірнеше топқа бөледі. Турнирге қатысушыларды жас ерекшеліктері бойынша бөлу төмендегі жіктеу бойынша жүзеге асырылады:

U-15 - 14-15 жас (ата-анасының және дәрігердің келісімі болған кезде, 13 жастан бастап);

U-17 - 16-17 жас (ата-анасының және дәрігердің келісімі болған кезде, 15 жастан бастап);

U-20 - 18-20 жас (ата-анасының және дәрігердің келісімі болған кезде, 17 жастан бастап);

U-23 23 жасқа дейін - 19-23 жас (ата-анасының және дәрігердің келісімі болған кезде, 18 жастан бастап);

Ересектер - 20 жас және одан жоғары

Ардагерлер - 35 жастан жоғары

Жас ерекшеліктеріне қарай жарыстарға қатысу төмендегідей:

U-20 дәрежесіндегі балуандар ересектер арасында күресе алады. Алайда, ағымдағы жылы 18-ге толатын балуан медициналық анықтама және ата-анасының келісімін ұсынуы қажет.

Ағымдағы жылы 17-ге толатын (толып қойған) балуан ересектер арасындағы жарыстарға қатыса алмайды.

Қатысушының жасы барлық чемпионаттар мен жарыстарда аккредитация кезінде бақыланады.

Ол үшін әр делегацияның басшысы Ұлттық федерацияның президенті қол қойған және UWW талаптарына сай рәсімделген өтінім ұсынуы тиіс.

U-23 дәрежесі үшін жарыстарда ересектерге арналған қағидалар қолданылады.

Спортшы жарыстарға лицензиясында көрсетілген мемлекеттің атынан ғана қатыса алады. Егер UWW берілген мәліметтер (жасына және азаматтығына қатысты) жалған екендігін айқындайтын болса, онда Ұлттық федерацияға, спортшыға және өтінімге қол қойған тұлғаға қатысты тәртіптік санкциялар қолданады.

Спорттық азаматтығын ауыстырғысы келген спортшы спорттық азаматтықты өзгерту жөніндегі халықаралық қағидаларда жазылған рәсімдерден өту керек. Спортшы спорттық азаматтығын бір рет қана өзгертуге құқылы.

Егер спорттық азаматтықты ауыстыру бойынша рәсім жүргізілген болса, спортшы бастапқы мемлекеттің немесе басқа да мемлекеттің атынан жарысқа қатыса алмайды.

*Медициналық және ата-ананың келісімі Athena арқылы ұсынылады.

UWW лицензиясын сатып алу кезіндегі балуанның жыл сайынғы медициналық анықтамасы және декларациясы.

Жарыстарға қатысатын әрбір спортшы жарысты көрсету мақсатында бейне және фото түсірілім жасауға автоматты түрде келісім береді. Егер балуан келіспеген жағдайда, ол бұл туралы өтінім беру рәсімі кезінде ашық мәлімдей алады. Алайда, осының негізінде ол жарысқа жіберілмеуі мүмкін.

Салмақ дәрежелері

Ерлерге арналған келесі салмақ дәрежелері белгіленген:

Ересектер, U-23, U-20

ЕРКІН КҮРЕС

1. 57 кг
2. 61 кг
3. 65 кг
4. 70 кг
5. 74 кг
6. 79 кг
7. 86 кг
8. 92 кг
9. 97 кг
10. 125 кг

U-15

1. 34-38 кг
2. 41 кг
3. 44 кг
4. 48 кг
5. 52 кг
6. 57 кг
7. 62 кг
8. 68 кг
9. 75 кг
10. 85 кг

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

1. 55 кг
2. 60 кг
3. 63 кг
4. 67 кг
5. 72 кг
6. 77 кг
7. 82 кг
8. 87 кг
9. 97 кг
10. 130 кг

U-17

1. 41-45 кг
2. 48 кг
3. 51 кг
4. 55 кг
5. 60 кг
6. 65 кг
7. 71 кг
8. 80 кг
9. 92 кг
10. 110 кг

ОЛИМПИАДАЛЫҚ САЛМАҚ ДӘРЕЖЕЛЕРІ*

- | Еркін | Грек-рим |
|--------------|-----------------|
| 1. 57 кг | 1. 60 кг |
| 2. 65 кг | 2. 67 кг |
| 3. 74 кг | 3. 77 кг |
| 4. 86 кг | 4. 87 кг |
| 5. 97 кг | 5. 97 кг |
| 6. 125 кг | 6. 130 кг |

** Олимпиада ойындарына тең турнирлерді қоса алғанда*

Әйелдер күресіне келесі салмақ дәрежелері белгіленген:

ЕРЕСЕКТЕР U23 и U20

1. 50 кг
2. 53 кг
3. 55 кг
4. 57 кг
5. 59 кг
6. 62 кг
7. 65 кг
8. 68 кг

ОЛИМПИАДАЛЫҚ САЛМАҚ ДӘРЕЖЕЛЕРІ*

1. 50 кг
2. 53 кг
3. 57 кг
4. 62 кг
5. 68 кг
6. 76 кг

** Олимпиада ойындарына теңестірілген турнирлерді қоса алғанда*

9. 72 кг

10. 76 кг

U-15

1. 29-33 кг

2. 36 кг

3. 39 кг

4. 42 кг

5. 46 кг

6. 50 кг

7. 54 кг

8. 58 кг

9. 62 кг

10. 66 кг

U-17

1. 36-40 кг

2. 43 кг

3. 46 кг

4. 49 кг

5. 53 кг

6. 57 кг

7. 61 кг

8. 65 кг

9. 69 кг

10. 73 кг

Әрбір қатысушы ресми салмақ өлшеу сәтіндегі салмағына сәйкес, тек сол салмақ дәрежесіндегі құрамда ғана өнер көрсетуге құқылы.

«Ересектер» жас ерекшелігі дәрежесіндегі балуандар ауыр салмақ дәрежесін қоспағанда анағұрлым ауыр салмақта өнер көрсете алады, ол үшін еркін және грек-рим күресінде ерлер 97 келіден және қыздар 72 келіден кем болмауы тиіс.

2-тарау. ЖАРЫСТАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

8-бап. Жарыстардың жүйесі

Жарыс қатысушылардың саны «мінсіз» болған кезде яғни 4,8,16,32,64 және т.б. тікелей келу жүйесі бойынша өткізіледі. Егер салмақ дәрежелеріндегі қатысушылардың саны «мінсіз болмаған» жағдайда, бірқатар жіктеу жұмыстары («мінсіз» қалыпқа келтіру) жүргізіледі.

Жұптар жеребе тастау кезінде анықталған нөмірдің негізінде құралады. Қатысушылардың тізімі нөмірлердің өсу реттілігімен құрылады. Жарыстың ақтық сынына шыққандардан жеңілген балуандар төменгі орындар үшін күресуге құқылы болады. Олар екі топтан құралады: 1-топ - бірінші жеңімпаздан, екінші топ екінші жеңімпаздан жеңілген балуандардан тұрады.

Жұбаныш белдесулерін қатысушылар санын мінсіз ету жарысын қоса алғанда, ақтық сынға жолдама алған палуанның біреуінен жеңілген палуандар бастайды және жекпе-жекте жартылай финалда жеңілген палуанмен белдесумен аяқталады. Екі жұбаныш тобының да жеңімпаздары қол медаль иеленеді.

Әр салмақ дәрежесіндегі жарыс 2 күн өтеді. Тиісті салмақ дәрежесіндегі жеребе тастау жарыс қарсаңында кешке өтеді. Тиісті салмақ дәрежесіндегі медициналық бақылау және алғашқы салмақ өлшеу рәсімдері таңертеңгі уақытта өтеді. Ақтық мәреге және жұбаныш белдесуіне шыққан тиісті салмақ дәрежесіндегі спортшылар жарыстың екінші күні сол салмақ дәрежесі бойынша екінші рет салмақтарын өлшейді.

Егер белгілі бір салмақ дәрежесінде жарысқа қатысуға 16 спортшыдан кем өтінім берілсе, мұндай салмақ дәрежесінде жарысты 1 күнде өткізуге рұқсат беріледі. Мұндай жағдайда салмақ өлшеу және медициналық бақылау жарыс болатын күні таңертең өткізіледі, ал жеребе тастау салмақ өлшеу кезінде өткізілуі мүмкін.

Жарыс төмендегідей өтеді:

1-күн:

- жарысқа келу айналымы (біліктілігі) (қажет болған жағдайда);
- жарыстан шығып қалу айналымы (1/16, 1/8, 1/4, 1/2 қоса алғанда).

2-күн:

- жұбаныш белдесулер;
- ақтық мәре (медаль үшін жекпе-жек).

Тікелей келу жарыстарының үлгісі

Мысалы: жарысқа салмақ дәрежелері бойынша 22 палуан қатысатын болса, сол 22 палуан 1-ден 22-ге дейін нөмірленген жеребелерді таңдайды (кесте, А қосымшасы)

Біліктілік жекпе-жегі (келтіру)

Палуандардың жарыстан тікелей шығып қалу жүйесін қолдана отырып, мінсіз жұп (16 палуан) қалыптастыру үшін біліктілік жекпе-жегін өткізу қажет.

Біздің үлгімізде бізде 6 палуанға мінсіз 16 жұп болады. Біліктілік жекпе-жектеріне 6 палуан қатысуы тиіс.

Осы 6 біліктілік жекпе-жегінің жеңімпаздары жарыстан тікелей шығып қалу жүйесі бойынша жарыстың іріктеу айналымына өтеді.

Іріктеу айналымы

Біліктілік жекпе-жегінен соң мінсіз 16 палуан іріктеліп шығады. Іріктеу айналымына қатысатын 16 палуанның құрамына:

Жұбаныш белдесулері

Жоғарыда айтып өткеніміздей ақтық мәреге өткен екі жеңімпаздан жеңілген барлық палуандар жұбаныш белдесулеріне қатысуға құқылы

№ 5 ақтық мәре жеңімпазынан жеңілген палуандар:

- № 6 (1 айналымда жеңілген)
- № 7 (2 айналымда жеңілген)
- № 3 (проигравший 3 тур).

№ 15 ақтық мәре жеңімпазынан жеңілген палуандар:

- № 16 (біліктілік жекпе-жегінде жеңілген)
- № 17 (1 айналымда жеңілген)
- № 19 (2 айналымда жеңілген)
- № 12 (3 айналымда жеңілген)

Жұбаныш белдесулерін жарыстың ең төменгі сатысында ақтық мәре жеңімпаздарынан жеңілген палуандар бастайды.

1 жекпе-жек: № 6 (1 айналымда жеңілген) № 7 (2 айналымда жеңілген) қарсы күреседі

2 жекпе-жек: 1 жекпе-жектің жеңімпазы (№6) №3 (3 жекпе-жекте жеңілген) қарсы күреседі

№ 6 палуан – № 5 ақтық сын жеңімпазынан жеңілген жұбаныш белдесуінің жеңімпазы

№ 15 ақтық мәре жеңімпазынан жеңілген палуандарға да осы тәсілді қолданады:

1 жекпе-жек: № 16 (біліктілік айналымында жеңілген) №17 (1 айналымда жеңілген) қарсы күреседі

2 жекпе-жек: 1 жекпе-жектің жеңімпазы (№16) № 19 (2 айналымда жеңілген) қарсы күреседі

3 жекпе-жек: 2 жекпе-жектің жеңімпазы (№ 16) № 12 (3 айналымда жеңілген) қарсы күреседі

№ 16 палуан – № 15 ақтық сайыс жеңімпазынан жеңілген, жұбаныш белдесуінің жеңімпазы.

Жұбаныш белдесуін қай жұбаныш тобы бастайтыны жұбаныш тобындағы спортшылардың санына байланысты болады. Атап айтар болсақ, жоғарғы жұбаныш тобынан 3 спортшы, төменгі топтан 4 спортшы. Сондықтан, жұбаныш белдесуін төменгі топ спортшылары бастайды. Егер екі топтағы спортшылардың саны бірдей болса, жұбаныш белдесуін жоғарғы топтың спортшылары бастайды.

Ақтық сайыс

Ақтық сайыстың екі жеңімпазы да (№№ 5 және 15) 1 және 2 орындарды сарапқа салатын болады.

Соңғы екі жұбаныш белдесуінің екі жеңімпазы да (№№ 6 және 16) әрқайсысы қола медаль иеленеді.

3 орын үшін күресіп, жеңілген палуандарға 5 орын беріледі.

Жіктеу өлшемшарттары

7 орыннан бастап палуандарды жіктеу үшін, біліктілік ұпайлары (жеңу сапасы, мәселен, жауырынын жерге тигізген болса, жеңімпазға 5 ұпай беріледі), жинаған ұпайы, жеңу сапасы, жарақаттары және жарыстан шеттетілуі ескеріледі.

Біліктілік ұпайлары тең болған жағдайда, келесі өлшемшарттар ескеріледі:

- 1) жауырынын жерге тигізу бойынша кімде жеңіс көп;
- 2) кімде айқын басымдықпен жеңіс көп;
- 3) кімде жарыс бойына жинаған техникалық ұпайлары көп;
- 4) кімде жарыс бойына жеңілгени техникалық ұпайлары аз.

Егер, палуандарда жоғарыда аталған өлшемшарттары тең болса, онда оларға бірдей орын беріледі.

Жұбаныш белдесулерге қатысқан палуандар, біліктілік және жұбаныш белдесулерін қоса алғанда бүкіл жарыс бойына жинаған жіктеу ұпайларын есепке ала отырып, жіктеледі.

8 спортшыдан аз санатта жарыс өткізудің жүйесі. «Nordic system» жарысын өткізудегі айналма жүйе.

Егер белгілі бір салмақ дәрежесінде 6 спортшыдан кем болса, норд жүйесін (айналма жүйесі бойынша күрес, яғни әркім әркімге қарсы) қолданған жөн. Жарыс екі күндік болса, соңғы айналым екінші күні өткізіледі.

Айналма жүйе бойынша анағұрлым көп жеңіске жеткен палуан жеңімпаз болып есептеледі. Бұл ретте біліктілік ұпайлары есептелмейді.

Егер екі палуан жекпе-жекте бірдей жеңіске жетсе, жеке кездесулердің ұпайларын есептейді. Жеке кездесуде жеңіске жеткен палуан өзінің қарсыласынан жоғары орынға ие болады.

Егер бірнеше палуан бірдей жекпе-жекте жеңіске жеткен болса, орындарды айқындау мақсатында осы спортшылар арасында келесідей критерийлер қолданылады:

- біліктілік ұпайларының көп болуы;
- жауырынын жерге тигізу бойынша жеңісі 3-тен көп болуы тиіс;
- айқын басымдықпен жеңісі көп болуы тиіс;
- бүкіл жарыс бойына жеңген техникалық ұпайлары көп болуы тиіс;
- бүкіл жарыс бойынша жеңілген техникалық ұпайлары аз болуы тиіс;
- жеребе таңдау кезінде ең төменгі нөмір.

Егер жеңіс саны екіден көп спортшыда тең болса, қалған екі палуанның арасындағы жеке кездесулердің нәтижелері назарға алынбайды.

Егер бір салмақ дәрежесінде 6 немесе 7 спортшы болатын болса, олар үшін жарыс екі топта топтық турнирден басталады.

9-бап. Жарыстың бағдарламасы

Олимпиада ойындарының ұзақтығы – 3 кілемде 7 күн өтеді.

Ересектер арасындағы Әлем чемпионатыранда 4 кілемде 9 күн, 20 жасқа дейінгілердің арасындағы әлем чемпионатында 3 кілемде 7 күн өтеді. Алайда, келіп түскен өтінімдерге байланысты барлық жарыстың түрелері үшін UWW келісімімен бір кілем қосымша төселеді немесе алынып тасталады.

Негізінде, барлық жарыстардың түрлері үшін оның әрбір бөлігі үш сағаттан аспауы тиіс.

United World Wrestling өткізетін жарысты қоспағанда, 1 және 2 орындар үшін жекпе-жек бір кілемде өтуі тиіс. 3 және 5 орындар үшін жекпе-жекті екі кілемде өткізуге болады.

United World Wrestling өткізетін ақтық сайыс жекпе-жегі бір кілемде өтуі тиіс.

10-бап. Марапаттау салтанаты

Марапаттау салтанатына өзінің нәтижелеріне (рейтингі) сәйкес медаль және диплом алатын әрбір салмақ дәрежесі бойынша алғашқы төрт палуан қатысады.

1 орын – алтын медаль+диплом

2 орын – күміс медаль + диплом

Екі 3 орын – қола медальдар + дипломдар

Әлем чемпионатында әрбір жеңімпаз (чемпион) әлем чемпионының белбеуін алады.

Норд жүйесі қолданылатын салмақ дәрежесінде тек бір ғана қола медаль беріледі.

3-тарау. ЖАРЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ

11-бап. Салмақ өлшеу

Барлық жарыстарда салмақ өлшеу рәсімі спортшылардың кілемде кездесетін күні таңертең медициналық бақылаумен бірге өткізіледі. Рәсімнің ұзақтығы – 30 минут.

Жарыстың екінші күні тиісті салмақ дәрежесінде салмақ өлшеу рәсімін тек жұбаныш белдесуіне және ақтық сайысқа қатысатын палуандар ғана өтеді. Бұл салмақ өлшеу рәсімі 15 минутқа созылады.

Алғашқы күні таңертең медициналық бақылаудан өтпеген бірде бір палуан салмақ өлшеу рәсіміне жіберілмейді.

Палуандар медициналық бадқылауға және салмақ өлшеу рәсіміне өзінің лицензиясымен және аккредитациясымен келуі тиіс.

Салмақ өлшеу үшін рұқсат етілген бір ғана форма ол – палуандар трикосы (аяқ киімсіз). Қатысушылар медициналық бақылаудан соң салмақтарын өлшейді. Медицина қызметкері басқа палуандарға жұқтыру қаупін тудыратын кез-келген палуанды жарыстан шеттете алады.

Спортшылардың физикалық жағдайы өте жоғары болуы тиіс. Тырнақтары алынған болуы қажет.

Салмақ өлшеудің барлық кезеңдерінде (30 минут) палуандар қанша рет қажет болса сонша рет таразыға кезекпен өлшене алады.

Салмақ өлшеу рәсіміне жеребеден өткен және алғашқы хаттамаға енгізілген палуандар ғана қатыса алады.

Салмақ өлшеуге жауапты төрешілер салмақ өлшеу рәсімін бақылауы, сондай-ақ салмақ өлшеу нәтижелері жарысқа қатысу үшін берілген санатқа сәйкес келуін бақылауы, спортшыға егер кілемге тиісті формада (5-бап «Киім формасы») шықпаса қандай қатерге ілігетінін хабарлауы тиіс. Төрешілер егер палуан тиісті киім формасында болмаса, салмақ өлшеуден бас тартуына болады.

Егер спортшы салмақ өлшеуге келмесе және салмақ өлшеуден өтпесе (1 және 2 салмақ өлшеу), ол жарыстан шығарылады және ең соңғы орын беріледі (Ескерту: 55-бапта көзделген. Медицина қызметінің араласуы).

Егер жұбаныш белдесуіне және/немесе ақтық сайысқа жіберілген спортшы салмақ өлшеуге келмесе немесе салмақ өлшеуден өтпесе, онда екінші салмақ өлшеуден сәтті өткен спортшы өз кестесі бойынша келесі раундқа өтеді.

* Егер екінші рет салмақ өлшеуге спортшылар түгел келмесе немесе өтпесе сапты саралау, саралаудың жеке өлшемшарттарына сәйкес жүргізілетін болады (8-бапты қараңыз).

12-бап. Жеребе тарту

Қатысушылар жеребе тарту жолымен спортшыға берілген реттік нөмірге сәйкес жұп болып бөлінеді. Жеребе алу тиісті салмақ дәрежесіндегі спортшылардың белдесетін күні көпшіліктің көзінше өткізіледі.

Жарыс барысында салмақ өлшеу, жеребе тарту өткізу және UWW күнтізбесіне енгізілген жарыстарды өткізу үшін арнайы бағдарлама қолданылуы қажет.

Егер белгілі бір себептермен аталған бағдарламаны қолдануға мүмкіндік болмаса, онда жеребе үшін нөмірленген жетондар (жетондар саны өтінім берген қатысушылардың санына сәйкес болуы қажет) жәшікке, қапшыққа немесе кез-келген ұқсас затқа салынуы тиіс. Егер жеребе алудың басқа жүйесі қолданылса, онда ол жарыстың барлық қатысушылары үшін қиын болмауы тиіс.

Егер команданың басшысы (немесе оның орынбасары) белгілі бір себептермен жеребе алуға қатыса алмаса, ол бұл туралы ұйымдастырушыларға және United World Wrestling хабарлауы тиіс. Мұндай жағдайда жеребе алу рәсіміне команда басшысының орнына UWW техникалық делегаты немесе оның өкілетті тұлғасы қатыса алады. Ондай болмаған жағдайда, аталмыш команданың спортшылары жеребе алу рәсіміне қатыса алмайды.

Ұйымдастырушыға бұл туралы UWW нәтижелер тобына хабарлау жауапкершілігі жүктеледі.

Ескерту: Егер салмақ өлшеуге және жеребе алауға жауапты тұлға регламентті рәсімде қателіктер байқаған болса, онда жоғарыда көрсетілгендей, қарастырылған санат үшін жеребе жоққа шығарылады немесе жарысты ұйымдастырушының яғни техникалық делегаттың келісімімен қайта өткізіледі.

Техникалық делегат немесе IT маманы жеребе алу барасына жауапты болады және осы Қағидалардың орындалуын қадағалауы қажет. Сондай-ақ, ол салмақ өлшеу хаттамасына күнін және қол қоюы тиіс. Аталған хаттама салмақ өлшеу және жеребе алу кезінде келіспеушіліктер болған жағдайда негізгі құжат болып табылады.

Жеребе алу аяқталғаннан кейін наразылық таныту қарастырылмайды.

Жарыстан шығып қалу

6 немесе 7 спортшымен жарыс өткізу үшін жеребенің ең төменгі нөмірін алған палуан А тобында болады, сосын екінші төменгі нөмір В тобында болады, содан соң, үшінші төменгі нөмір А тобында болады және осылай кете береді.

7-ден көп спортшы қатысатын жарыс үшін және егер қатысатын салмақ дәрежесінде спортшылардың саны 8, 16, 32-ден көп болса, біліктілік раундтар ұйымдастырылуы қажет. Кестенің жоғарғы және төменгі бөліктерінің арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін біліктілік раундтары «жоғары-төмен-төмен-жоғары» қағидаты бойынша орналасады. Осы тәсіл кестеге енгізілген спортшының жай-күйін анықтау үшін қолданылады.

Турнир кестесіне енгізілген спортшылардың орналасуы

Мұндай жеребенің мақсаты енгізілген спортшыларды ең соңғы кезеңдерге шейін сақтау үшін бір-бірінен барынша алшақ орналастыру болып табылады. Қалған орындар (енгізілмеген спортшылар) жеребе нөміріне байланысты жоғарыдан төмен қарай толтырылады. Жеребе нөмірінің төмен болуы спортшыға біліктілік раундына қатысуға мүмкіндік бермейді.

Егер біліктілік ойындарына кестеге енгізілген спортшылар қатысуы қажет болса, онда жеребе алу төменде енгізілген спортшыдан басталады.

Салмақ дәрежесінде 6 немесе 7 спортшысы бар кестеге енгізілген спортшылар келесі тәсілмен орналасатын болады:

А тобы

№ 1

№ 4

№ 5

Б тобы

№ 2

№ 3

№ 6

№ 7 (егер қолданылса)

Спортшы кестеге енгізілгеннен кейін, енгізілмеген спортшылар А-Б-А топтарына енгізілетін болады.

Кестеге енгізілген спортшы болмаған кездегі турнир кестесінің үлгісі

Егер №1 жарысқа қатыспайтын болса, онда №2 оның орнын иеленеді. Мұндай жағдайда №3 №2 орнын иеленеді, ал №4 №3 орнын иеленеді. Босаған №4 орнын басқа спортшы иемдене алмайды. Осылайша, егер кестеге енгізілген спортшы қатысуға өтінім бермеген болса, одан кейін енгізілген спортшы жоғары көтерілетін болады. Егер №4 қатыспаған болса, онда оның орны бос болады және жеребеге енгізілетін болады.

Кестеге енгізілген спортшыларды жарыстың норд жүйесі (айналма) кезінде және салмақ дәрежесіндегі спортшылардың саны 8-ден төмен болса, олар бөлінбейді. Мұндай жағдайда жұптар жеребеде алынған нөмірлеріне сәйкес құрылатын болады.

Егер қандай да бір жарыста спортшылардың (екі немесе төрт) орнын ауыстыру жоспарланған болса, орын ауыстырған спортшыларды анықтау жүйесі ресми хатта түсіндірілуі және барлық қатысушы Федерацияларға жіберілуі тиіс.

13-бап. Алғашқы хаттама

Егер бір немесе бірнеше палуан салмақ өлшеуден өтпесе немесе олардың салмағы өтінімде көрсетілген салмақ дәрежесінен асып кетсе, онда қатыспауына байланысты аталған спортшылардың қарсыластарына жеңіс беріледі. Сайыс болатын күні турнир кестесіне өзгеріс енгізілмейді.

14-бап. Жарыстан шығу

Жеңілген палуан жинаған жіктеу ұпайларына сәйкес жарыстан шығады және жіктеледі, бұл ретте ақтық сайыстағы екі палуаннан жеңілген палуандар есепке алынбайды, себебі олар 3 және 5 орын үшін жұбаныш белдесуіне қатысатын болады.

Егер палуан салмақ өлшеу рәсімін жарыстың ресми дәрігері қол қойған медициналық анықтамасыз өтсе және хатшылықта тіркелмесе, шақырылған соң кілемге шықпаса, онда ол палуанның иеленген орнын анықтамай жарыстан шығарылады, ал оның қарсыласы жеңді деп есептелетін болады.

Егер жарыстың ресми дәрігері палуанды жарақатын немесе ауруын саяси себептермен сылтау қылып және сол себептен қарсыласымен күресе алмайды деп есептейтін болса, онда палуанға ешқандай орын берілмей жарыстан шығарылады, оның қарсыласы жеңді деп саналады. Аталған палуан қорытынды хаттамаға соңғы болып, орынсыз, «жарыстан шеттетілген» деген белгімен енгізіледі.

Әділ спорттық күресте және UWW жариялаған күрес қағидаларының тұжырымдамасына қатысты айқын, қасақана және өрескел бұзушылықтар жасаған палуан төрешілер бригадасының шешімімен тез арада жарыстан шығарылады және шеттетіледі. Мұндай жағдайда палуанға орын берілмейді және спортшы хаттамаға «жарыстан шеттетілген» деген белгімен ең соңғы болып енгізіледі.

Егер бір жекпе-жекте екі палуан да өрескел қателіктері үшін жарыстан шеттетілген болса, онда олар жоғарыда көрсетілген ереже бойынша жарыстан шеттетіледі. Осы жұптың жеңімпазымен келесі айналымда күресетін палуан жеңімпаз болып хабарланады. Жұптарды құрастыру рәсіміне өзгерістер енгізілмейді.

Егер бұл шеттетету ақтық сайыс қатысушылары (жартылай финал) анықталатын жекпе-жекке қатысты болса, онда ширек финалда осы жартылай финал қатысушыларынан жеңілген палуандар арасында ақтық сайыс қатысушысын анықтау үшін жекпе-жек өткізілетін болады, ал жұбаныш тобы осы жаңа жартылай финалдың нәтижесіне сәйкес өзгеретін болады.

Егер жартылай финал кешкі сессия кезінде ұйымдастырылатын болса, онда бұл жекпе-жек спортшыларға дайындыққа жеткілікті уақыт беру үшін сессияның соңында ұйымдастырылатын болады.

Егер жарыстан шеттетету 1-күні болса, спортшыларға дайындалу үшін бір сағат берілетін болады.

Егер палуан ақтық сайыста жарыстан шеттетілетін болса, онда одан кейін тұрған палуандар қорытынды хаттамада бір орынға жоғары көтерілетін болады.

Егер ақтық сайыстың екі палуаны жарыстан шеттетілетін болса, онда қола жүлде иелерінің арасында чемпионды анықтау үшін жекпе-жек болады. Басқа қатысушылар жіктеу бойынша жоғары көтерілетін болады (сәйкесінше екі 5 орын иелері қола медаль алады).

Егер бір ойында екі рет жарақаттану (2VIN) болса, онда келесі раундтағы қарсыласы жекпе-жекте жарақаттану бойынша жеңіске жетеді. Егер аталған жағдай жартылай финалдағы жекпе-жекте болса және жұбаныш белдесуіне қандай спортшылар қатысатынын анықтау үшін екі рет жарақаттану жекпе-жегінде жеңімпазды анықтауға арналған жіктеу өлшемшарттары (8-бап) қолданылатын болады.

Жарыстан шеттетудің барлық түрі болған жағдайда, спортшы рейтингі жоқ соңғы орынды иеленеді.

Допинг бұзушылықтары болған жағдайдағы рейтинг.

Допинг сынаманың нәтижесі оң болған жағдайда, спортшы белгілі бір орын иеленбей жарыстан шеттетіледі, ол хаттамаға орын көрсетілмей және «жарыстан шеттетілген» деген белгімен енгізіледі.

Егер бірінші немесе екінші орын иеленген палуан допинг қолданғаны үшін жарыстан шеттетілсе, келесі палуан жеңімпаздар тұғырында бір сатыға жоғарылайды.

Жарыстан шеттетілген жеңімпаздың тобындағы 5-орын иеленген палуан үшінші орынға ие болады. Мұндай жағдайда қорытынды хаттамада бір ғана 5-орын анықталатын болады.

Басқа спортшылар үшін орындар жіктеу жүйесі бойынша анықталады, тәртіп бұзушы жарыстан шеттетілген соң қалған палуандар 1 орынға жоғары көтеріледі.

Командалық жарыс кезінде допинг бақылаудың нәтижесі оң болса, кінәлі спортшының командасы жарыстан шеттетіледі және рейтинг бойынша соңғы орынды иеленеді, олардың туына «DSQ» белгісі енгізіледі.

4-тарау. ТӨРЕШІЛЕР БРИГАДАСЫ

15-бап. Төрешілер бригадасының құрамы

Барлық жарыстарда әрбір жекпе-жектің төрешілер бригадасы мынадай құрамда болады:

- 1 кілем басшысы,
- 1 арбитр,
- 1 қапталдағы төреші.

Төрешілерге қойылатын міндеттер мен талаптар халықаралық дәрежедегі арбитрлар мен төрешілерге арналған UWW регламентінде жазылған..

Дәрігер расатаған қауіпті науқастану жағдаятын қоспағанда, жекпе-жек кезінде төрешілер бригадасының мүшесін ауыстыруға қатаң тыйым салынады.

Төрешілер бригадасының құрамына бір елден екі бірдей төреші кіре алмайды.

Сондай-ақ, егер жарысқа қатысып жатқан палуандардың бірі отандасы болып келсе, оны төрешілер бригадасының құрамына енгізуге тыйым салынады.

Төрешілер кілем басшысының растауы міндетті болатын белсенділігі төмен және жауырынын жерге тигізу жағдайларын қоспағанда, шешімді бірауыздан немесе басым көпшілік дауыспен (3-тен 2-і) қабылдайды.

16-бап. Төрешілер бригадасының міндеттері

а) Төрешілер бригадасы аталған спорт түрі бойынша жарыс өткізу қағидаларында және кейбір жарыстарды ұйымдастыру үшін белгіленген арнайы қағидаларда көзделген барлық міндеттерді орындайды.

б) Төрешілер бригадасына қойылатын талаптар – төрешілер жазбасының нәтижесі әрбір жекпе-жектің ерекшеліктерін айқын көрсету үшін әрбір жекпе-жекті мұқият қадағалау және палуандардың әрекетіне баға беру.

в) Кілемнің басшысы, арбитр және қапталдағы төреші соңғы шешім қабылдау үшін жекпе-жек тәсілдерін жеке бағалайды.

Арбитр мен қапталдағы төреші төрешілер бригадасының жұмысын үйлестіретін кілем басшысының басшылығымен бірлесе іс-әрекет жасауы қажет.

г) Төрешілер бригадасының міндетіне Қағидаларда көзделген төрешілік және бағалау, ұпайларды беру және санкциялар қабылдау бойынша барлық қызметтер кіреді.

д) Қапталдағы төреші мен кілем басшысының төрешілік жазбалары екі палуанның да барлық әрекеттерін бағалау үшін пайдаланылады. Ұпайлар, ескертулер (0) хронологиялық бірізділікті сақтай отырып, барынша дәлдікпен жазылуы тиіс. Бұл жазбаларға сәйкесінше қапталдағы төреші мен кілемнің басшысы қол қояды.

е) Егер жекпе-жек жауырынын жерге тигізумен аяқталмаса, шешімді кілем басшысы қабылдайды. Бұл шешім кілем басшысының және қапталдағы төрешінің жазбаларында басынан аяғына дейін белгіленген әрбір қарсыластың барлық амал-әрекеттерін бағалауға негізделген.

ж) Төрешілер берген барлық ұпай жарық таблоның, плакеттердің немесе соған ұқсас құрылғылардың көмегімен көпшілікке хабарланып отырады.

з) Жекпе-жек бойы төрешілер бригадасының мүшелері қызметтік міндеттерін атқару кезінде UWW негізгі терминологиясының көмегімен сөйлесулері қажет және жекпе-жек кезінде басқа біреулермен сөйлесуге қатаң тыйым салынады. Кеңес алу үшін және өз міндеттерін анағұрлым дұрыс атқару үшін тек өзара сөйлесуге рұқсат етіледі.

и) наразылық (ЧЕЛЕНЖ) туындаған жағдайда UWW делегаты (немесе оны ауыстырушы тұлға) және кілем басшысы үлкен экранда бейнежазбаны қайталап көріп шығуы тиіс, бірігіп кеңескеннен кейін ғана UWW делегаты төрешілер бригадасының басқа мүшелерімен кеңеспей, қабылданған шешімді хабарлайды.

17-бап. Төрешілер формасы

Төрешілер бригадасының мүшелері: арбитрлар, төрешілер, кілем басшылары, UWW делегаттары UWW бекіткен бірыңғай форма киюлері тиіс.

Төрешілер бригадасының мүшесі демеушілердің эмблемасын таға алмайды. Алайда, жеке сәйкестендіру нөмірі UWW демеушісінің атымен безендірілуі мүмкін.

18-бап. Арбитр

а) Арбитр Қағидаларға сәйкес басшылық ететін жекпе-жектің барысына жауап береді.

б) Арбитр палуандардың әрекетін мұқият бақылауы тиіс, палуандар оның бұйрықтары мен талаптарын дереу орындауы үшін, олардың арасында жоғары беделі болуы қажет, жекпе-жек кезінде сырттан бөтен адамдардың араласуын бодырмауы қажет.

в) Арбитр қапталдағы төрешімен бірлесе жұмыс істейді. Ол жекпе-жек барысын мұқият қадағалап, оны ойламаған жерден және мезгілсіз тоқтатпауы керек. Оның ысқырығы жекпе-жекті бастайды, тоқтатады және аяқтайды.

г) Арбитр палуандар кілемнің шетіне шығып кеткен жағдайда оларды қайтрады және жекпе-жекті тұрып немесе партерде, үстінен немесе астынан жалғастыратынын қапталдағы төрешімен, даулы жағдай туындаған жағдайда кілем басшысымен ақылдаса отырып шешім шығарады.

д) Арбитр сол қолбасына қызыл, ал оң қолбасына көк байлауыш тағып жүреді. Амал-әрекет орындалғаннан кейін, оны бағалауына сәйкес саусақтарымен ұпай санын көрсетеді. Егер көк трикодағы палуан ұпай алған болса, оң қолын, ал қызыл трикодағы палуан ұпай алса сол қолын көтереді, арбитр амал-әрекеттің есептелгенін, кілемнің үстінде жасалғанын, палуан қауіпті жағдайда ма емес пе осының барлығын нақты көрсетіп тұруы қажет.

е) Арбитр ешқандай күмәнсіз мына әрекеттерді жасауы тиіс:

- егер амал-әрекет кілемнің шетінде орындалған болса, жекпе-жекті уақытыл тоқтатады;

- амал-әрекет есептелді ме жоқ па соны көрсетеді;

- қапталдағы төрешінің және кілем басшысының шешімі бойынша палуанның шын мәнінде екі жауырыны да кілемге тигенін белгілеу үшін белгі береді және «ТУШЕ» амал-әрекетін хабарлайды. Арбитр «ТУШЕ» сөзін айтып, кілем басшысының келісімін алу үшін қолын көтереді, алақанымен кілемді ұрады және содан кейін ғана ысқырады.

ж) Арбитр:

- кілемнің орталығында жекпе-жекті жаңарту үшін палуандарды позициялары бойынша (палуандардың аяғы орталық шеңберде тұруы қажет) тез әрі нақты орналастырады;

- кілемде қапталдағы төрешінің және кілем басшысының көруіне кедергі келтірмейді, әсіресе палуандар шешуші жағдайда болғанда;

- палуандарға жекпе-жек кезінде терін сүрту, сімгіру (мұрнын тазалау), өтірік жарақаттану және т.б. сылтауларымен демалуларына мүмкіндік бермейді; мұндай жағдайда ол жекпе-жекті тоқтатуы және санкция жариялауы тиіс: кінәлі палуанға ескерту (0) және қарсыласына 1 ұпай береді;

- кілемдегі немесе соның айналасындағы позициясын үнемі өзгертіп отырады, алда болатын «туше» амал-әрекетін айқын көру үшін жылдам жерге ішпен жатады;

- жекпе-жектегі үзбей белсенділігі төмен палуанды ынтыландырады, палуандардың кілемнен тысқары шығып кетпейтіндей позиция ұстанады;

- палуандар кілемнің шетіне жақындап келгенде дереу ысқыруға дайын тұрады;

- палуандар шешуші жағдайда болғанда жекпе-жектегі тоқтатпайды (егер тыйым салынған амал-әрекет жасалмаған болса);

- белдесу кезінде палуанның қарсыласының саусақтарын сындыру әрекеттерін алдын алады.

з) сондай-ақ, арбитр мыналарға міндетті:

- грек-рим күресінде палуандардың аяғын қатаң қадағалауға;

- палуандарды жекпе-жектің қорытындысы хабарланғанға дейін кілемде қалуларын міндеттейді;

- келісімді талап ететін барлық жағдайларда кілем басшысына бетпе-бет тұратын қапталдағы төрешінің пікірін назарға алады;

- кілем басшысының келісімінен соң, аталған жекпе-жектің жеңімпаз палуанын хабарлайды;

и) Арбитр Қағидалардың талабы бұзылған немесе дәрежелік танытқан жағдайда санкция талап ете алады.

к) Арбитр кілем басшысының белгісінен кейін жекпе-жектегі тоқтатуы және грек-рим күресінде 8 ұпай, ал еркін және әйелдер күресінде 10 ұпай айырмашылықпен техникалық басымдық бойынша жеңісті хабарлауы қажет. Мұндай жағдайда ол шабуылдаушы, сонымен қатар қарсы шабуылдаушы палуанның амал-әрекеттерінің толық аяқталуын соңына дейін күтуі қажет.

19-бап. Қапталдағы төреші

а) қапталдағы төреші күрестің жалпы қағидаларында қарастырылған барлық қызметтерді орындайды.

б) жекпе-жектің барысын мұқият қадағалауы және арбитрмен және кілем басшысымен келісе отырып, төрешілер жазбасына белгілеген әрбір амал-әрекеттер үшін ұпай беруі қажет. Ол даулы жағдайларда өз пікірін білдіруіне мүмкіндігі бар.

в) әрбір тәсіл орындалғаннан кейін қапталдағы төреші өз бақылауларын арбитрдың берген бағасымен және кілем басшысының пікірімен келіседі, содан соң аталмыш тәсілге берілген ұпайларды жазып, оның қапталында орналасқан және көрермендерге де, палуандарға да көрінетін таблоға қорытынды ұпайларды көрсетеді.

г) Төреші арбитрға «ТУШЕ» туралы хабарлайды және белгі береді.

д) егер жекпе-жек кезінде бұзушылықтар байқаған болса және ол бұзушылықтарды байқамай қалған немесе назар аудармаған арбитрға айтуды жөн деп есептесе, онда ол бұл бағалау реферидің және кілем басшысының

берген бағасына қарама-қайшы болса да, бұзушылық жасаған палуанның формасы түстес тақтайшаны көтереді. Барлық жағдайларда төреші егер палуандардың әрекетінен жекпе-жек барысында қандай да бір қателіктер жіберілді деп есептесе арбитрға белгі беруі қажет.

е) Төреші төрешілер жазбасына (алған сәттен бастап) қол қоюы қажет және күрес аяқталғаннан кейін жеңіліс тапқан палуанның тегінің астын сызады және жеңген палуанның тегі мен мемлекетінің аббревиатурасын жаза отырып жекпе-жектің қорытындысын жазады.

ж) Егер төреші мен арбитрдың шешімі сәйкес келсе, онда ол нақты әрі кілем басшысының араласуынсыз орындалуға міндетті. Техникалық басымдық бойынша жеңіс ол шешім нақты әрі Если решения судьи и арбитра совпадают, то они действительны и обязательны для выполнения без вмешательства руководителя ковра. Жеңілдік тек кілем басшысы жекпе-жектің аяқталғандығы туралы белгі беруге міндетті болғанда техникалық басымдықпен жеңісті хабарлау үшін, сондай-ақ наразылық және төрешілер кеңесі болған жағдайда ғана беріледі.

з) Төрешілер жазбасында «туше» әдісімен, техникалық басымдықпен, жарыстан шеттету және т.б. бойынша жеңіс болған жағдайда жекпе-жектің аяқталу уақыты нақты көрсетілуі қажет.

и) Қажет болған жағдайда қапталдағы төрешіге ол төрешілік етіп жатқан жекпе-жек өтіп жатқан кілемнің айналасында еркін қозғалуға рұқсат етіледі.

к) Ол жеңімпазды анықтайтын соңғы жазылған бағалаудың астын сызуы қажет.

л) Кілемнен кеткені үшін, тыйым салынған тәсіл, ережесіз лақтыру және қарсыласына немесе төрешілер командасына дөрекілік танытқаны үшін палуанның бағанасына «О» белгісімен белгілейді.

м) Жазбада «Р» белгісімен белсенділігі төмен болғаны үшін ескерту алған палуанды белгілейді, белсенділігі төмен болған уақытын көрсетеді. «V» белгісімен ауызша ескерту алған палуанды белгілейді.

н) «туше» жағдайында соңғы амал-әрекеттер кезінде жинаған ұпайлар жазбада шеңбермен белгіленеді.

20-бап. Кілем басшысы

а) Қызметі шешуші болып табылатын кілем басшысы Күрес қағидаларында қарастырылған барлық талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

б) Ол арбитр мен қапталдағы төрешінің жұмысын үйлестіреді.

в) Ол жекпе-жек барысын, ережелердің сақталуына, төрешілер бригадасының іс-қимылын мұқият қадағалауға міндетті.

г) қапталдағы төреші мен арбитрдың арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, ол жеңімпазды анықтау үшін өз бағасын, ұпай немесе «туше» санын көрсетуі тиіс.

д) Кілем басшысы өз пікірін төреші мен арбитрдың пікірін тыңдағаннан соң ғана айтады. Ол төреші мен арбитрдың шешіміне ықпал ете алмайды.

е) кілем басшысының растауынсыз «туше» тәсілі есепке алынбайды.

ж) Арбитрдың тарапынан өрескел бұзушылықтар болған жағдайда, кілем басшысы жекпе-жекті тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

з) Іс-әрекетті бағалауда айқын қателіктер болған жағдайда жекпе-жекті тоқтатып, кеңес өткізуге құқылы. Егер кеңестен кейін кілем басшысының пікірін көпшілік қолдамаған жағдайда, ол арбитр мен төрешінің пікірімен келісуге міндетті.

Кеңесу спортшының наразылық (ЧЕЛЕНЖ) құқығын жоққа шығармайды.

и) Егер секундант жекпе-жек кезінде наразылық танытса және оның спортшысына қатысты төрешілер тарапынан қателіктер жіберілген деп есептесе, онда кілем басшысы бейтарап жағдайды күтіп, жекпе-жекті тоқтатуы қажет. UWW делегаты осы төрешілер бригадасының бағалаудағы даулы мәселесін шешу үшін бейнежазбаны қайталап көріп шығады.

Бейне жазбаны қайталап көріп шыққан соң UWW делегаты (немесе оны ауыстырушы тұлға) наразылық бойынша қабылданған шешімді хабарлайды. Бұл шешім нақты және келіспеушіліктер болмауы тиіс.

Ал, кілем басшысы болса осы жекпе-жек бойына аталған палуанға қатысты ұқсас жағдайлардың болмауын қадағалайды..

21-бап. Төрешілер бригадасының мүшелеріне қабылданатын санкциялар

Жарғыға сәйкес жоғары инстанция болып табылатын UWW бюросы жарыстарда делегаттардың есебін алғаннан кейін, төрешілер бригадасының мүшелеріне келесі тәртіптік шараларды қабылдай алады:

1. төрешілерге ресми ескерту беру;
2. жарыстан бір немесе бірнеше күнге шеттету;
3. осы жарыста төрешілік етуден толықтай шеттету;
4. санатын төмендету;
5. қызметінен уақытша шеттету;
5. төрешілер корпусының құрамынан шығарып тастау.

5-ТАРАУ. ЖЕКПЕ-ЖЕК (палуандардың белдесуі)

22-бап. Палуандар жекпе-жегінің ұзақтығы

U15, U17 және ардагерлер үшін: жекпе-жектің ұзақтығы 30 секундтық үзілісімен 2 минуттық екі кезеңнен тұрады.

U20, U23 және Seniors үшін: күрестің ұзақтығы 30 секундтық үзілісімен 3 минуттық екі кезеңнен тұрады.

Барлық жарыстар үшін таблода көрсетілетін уақыт 6-дан 0-ге дейінгі минутта (U15, U17 және ардагерлер үшін 4-тен 0-ге дейінгі минутта) басталатын болады.

Жеңімпаз негізгі уақыт аяқталғаннан кейін екі кезеңдегі ұпайларды қосу арқылы анықталады.

Техникалық басымдыққа грек-рим күресінде 8 баллдық және еркін және әйелдер күресінде 10 баллдық айырмашылықпен қол жеткізіледі. Бұл жекпе-жектің автоматты түрде аяқталуына және жеңімпазды хабарлауға алып келеді.

«Туше» кезінде жекпе-жек өтіп жатқан кезеңіне қарамастан, автоматты түрде тоқтатылады.

Еркін және әйелдер күресі: кезеңнің ұзақтығы 3 минутты құрайды. Егер бірінші кезеңнің 2 минуты өткеннен соң палуандардың бірде біреуі техникалық ұпай жинай алмаса, төреші міндетті түрде «белсенділік төмен кезеңді» белгілей отырып, белсенділігі төмен палуанды анықтауы қажет.

23-бап. Кілемге шақыру

Палуандар кілемге қатты және нақты дауыспен шақырылады. Палуан жаңа жекпе-жекке қалпына келу кезеңі өткеннен кейін, яғни алдыңғы жекпе-жек біткеннен кейін 20 минуттан соң шығады.

Егер палуан алғаш шақырылғаннан кейін кілемге шықпаса, спортшыны хабарландырудың арасында 30 секундтық арақашықтықпен тағы да 3 рет шақыруы мүмкін. Егер үшінші шақырылымнан соң да палуан кілемге шықпаса, ол жарыстан шығарылады және жіктелмейді.

Оның қарсыласы жеңген болып есептеледі.

Қатысушыларды кілемге шақыру француз және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

24-бап. Ақтық мәреде палуандарды таныстыру

Палуандарды ақтық жекпе-жекте таныстыру салтанаты келесідей болады: спортшыларды кілемге шығарады және оларды таныстырады.

Жекпе-жек кезінде комментатор олардың жеке жетістіктерін айтады.

25-бап. Белдесудің басталуы

Жекпе-жек басталардың алдында палуандар өздеріне тиесілі бұрыштарға орындарына барып тұрады: қызыл маркерлі трикодағы палуан қызыл бұрышқа, көк маркерлі трикодағы палуан көк бұрыштан шығады.

Төреші кілемнің ортасында тұруы қажет және палуандарды ортаға шақырады. Ол палуандардың қолын алып амандасады, спортшылардың формасының сәйкестігін, спортшының денесінде жабысқақ және майлы, өткір иісі ті заттардың болмауын, тырнақтарының жағдайын тексереді.

Палуандар бір-бірімен қол алысу арқылы амандасады, содан кейін арбитр жекпе-жектің басталғандығы жөнінде ысқырады.

26-бап. Белдесуді тоқтату

а) Арбитр егер палуан оның еркінен тыс жарақат алу немесе тосын жағдайға тап болу нәтижесінде жекпе-жекті жалғастыра алмайтын болса, белдесуді тоқтата алады. Жекпе-жекті тоқтатқан кезде палуандар әрқайсысы өз бқырышына тұрулары тиіс. Олар иықтарына халат немесе күртеше жамылып, бапкермен сөйлесе алады.

б) күрес медициналық себептермен жалғаса алмайды, шешімді жарысқа жауапты дәрігер қабылдайды. Ол бұл жөнінде аталған палуанның бапкеріне және жекпе-жекті тоқтатуға бұйрық беретін кілем басшысына хабарлайды. Дәрігер кілемдегі палуандардың біреуінің мемлекетінің, командасының өкілі бола алмайды. Жарыстың ресми дәрігері қабылдаған шешім өзгермейді.

в) Спортшы тұрып немесе төрттағандап күреседі ме, қарсыласын кілемнің шетінен ортасына қарай алып келеді ме деген секілді шешімдерді қабылдай отырып, жекпе-жекті өздігінен тоқтата алмайды.

г) Егер жекпе-жек қасақана жасалған жарақат салдарынан тоқтатылған болса, кінәлі палуан жарыстан шеттетіледі, ал оның қарсыласы жеңімпаз болып есептеледі.

д) Егер палуан жекпе-жекті айқын дәлелдерсіз (алған жарақаттан қан болмаса) тоқтататын болса, төрешілер мен дәрігер мұны өтірік сылтау деп шешім шығарады. Мұндай жағдайда сылтаушыл-палуанның қарсыласына 1 ұпай беріледі де, жекпе-жек қайта жалғасады.

е) Егер палуан жарақаттанса және жарақаты қанап жатса, арбитр медициналық көмек көрсетілу үшін жекпе-жекті тоқтатуы қажет. Уақытөлшеуші дәрігердің медициналық көмек көрсету үшін кілемге шыққан уақытын белгілейді. Жекпе-жекте бір палуанға көрсетілетін медициналық көмектің жалпы уақыты 4 минут. Егер белгіленген уақыт бітіп қалған жағдайда, палуан жеңілген болып есептеледі.

ж) Медициналық көмек көрсетілгеннен кейін жекпе-жек қай жерінен тоқтатылса, сол жерінен қайта жалғастырылады.

з) Егер жекпе-жек спортшыларға байланысы жоқ қандай да бір жағдаяттарға байланысты тоқтатылса, рефери күресті тоқтата алады және жекпе-жектің қалған уақыты үзіліс аяқталғаннан соң қайта жалғасады. Егер жарыс сессиясы жарыс регламентіне сәйкес аяқталмаған болса, ол келесі күнге ауыстырылуы мүмкін. Егер бұл жарыстың соңғы күні және төтенше жағдай болса, жарыстың аяқталуы кейінге қалдырылады немесе басқа жерде өтеді.

и) Төрешілер бригадасы байқамаған өрескел қателіктер (мәселен: уақытөлшеушінің қателігі, таблоға шыққан дұрыс емес ұпайлар немесе ескертулер, төрттағандап немесе тұрып күресуді жаңарту кезіндегі қателіктер, жеңімпазды қате хабарлау және т.б.) болған жағдайда, делегат (тар), төрешілер

араласа алады және даулы жағдайды кеңесу немесе бейне жазбаны қайта көру арқылы шешуді талап ете алады.

27-бап. Белдесуді аяқтау

Жекпе-жек «туше» тәсілін анықтаған, қарсыластардың біреуін жарыстан шеттеткен, жарақанттанған немесе уақыт біткен кезде аяқталады. Жекпе-жек айқын техникалық басымдық болған жағдайда аяқталады: грек-рим күресінде 8 ұпай және еркін және әйелдер күресінде 10 ұпай. Арбитр мына жағдайларда амал-әрекеттің соңын күтуі тиіс: шабуылдау, қарсы шабуылдау, палуан «тушемен» аяқтауы мүмкін қалыпта болған жағдайдағы аударыспақ, содан соң ғана ысқырып, жарыстың аяқталғандығын растайтын белгі береді.

Егер арбитр гонг дауысын естімеген болса, кілем басшысы арбитрдың назарын аудару үшін кілемге осы мақсатқа арналған сорғыш тәріздес жұмсақ зат лақтырады. Гонг (дабыл) соғылған сәтте басталған кез-келген техникалық іс-әрекет гонг соғысы мен ысқырық арасында орындалған кез-келген іс-әрекет секілді есепке алынбайды.

Жекпе-жек аяқталған соң арбитр басшыға қарама-қарсы кілемнің ортасына тұрады, палуандар қол алысады және арбитрдың екі жақтауында тұрып, шешімнің хабарланғанын күтеді. Осы ретте триконың иықбауын залдан шыққанша түсіруге тыйым салынады.

Нәтиже хабарланғаннан кейін палуандар бір-бірімен және арбитрмен қол алысады. Палуан өз қарсыласының бапкерінің қолын алуы тиіс. Осы талаптар орындалмаған жағдайда, палуан тәртіптік регламентке сәйкес санкцияға ұшырайды.

28-бап. Белдесуді тоқтату және жалғастыру

Егер белдесу тұрған немесе төрттағандаған қалыпта тоқтатылса, тұрған қалыпта жаңартылады.

Белдесу мына жағдайларда тұрған қалыпта тоқтатылады немесе жалғастырылады:

- аяқ (табан толығымен) қорғаныс аймағына тисе және осы сәтте ешқандай тәсіл қолданылмаса;
- палуандар бір-бірін қармай отырып, белсенділіктері төмен болса (үш немесе төрт аяқпен) және ешқандай белсенді әрекеттер жасамаған болса.
- астындағы палуанның басы қорғаныс аумағына тиген болса.

Егер төрттағандап белдесу кезінде жекпе-жек қармаудан қашудың, кілемнен қашудың, шабуылдаушы палуанның ережені бұзғанынан немесе жарақаттың салдарынан тоқтатылған болса, жекпе-жек төрттағандап тұру калпында жаңартылады және жалғастырылады.

Егер тұрған калпында белдесу кезінде жекпе-жек қармаудан қашудың, кілемнен қашудың, ережені бұзудың немесе жарақаттың салдарынан тоқтатылған болса, жекпе-жек тұрған калпында жалғастырылатын болады..

Төрттағандап күресу кезінде амал-әрекеттер орындаған палуанды ынталандыру үшін, ал шабуылданған палуан қорғану үшін ережені бұзған болса, төреші ереже бұзушыға ескерту беру арқылы жазалауы, ал шабуылдаушы палуанға 1 ұпай беруі тиіс, содан соң жекпе-жекті төрттағандап тұру қалпында қайта жалғастырады. Егер қорғанушы палуанның тарапынан болған қателіктерге қарамастан, шабуылдаушы палуан амал-әрекеттер қолданған болса, онда оған да істеген әрекеті үшін тиісті баға қойылады.

Егер бапкер наразылық танытса, жекпе-жек тек бейтарап жағдайда ғана тоқтатылады. Егер палуан бапкердің наразылығымен келіспейтін болса, ол тез арада наразылықтан бас тартып, жекпе-жекті қайта жалғастырады.

29-бап. Жеңістің түрлері

Жекпе жекте келесі тәсілдер арқылы жеңіске жетеді:

- “туше” тәсілі,
- қарсыласы жарақаттанған кезде;
- жекпе-жек кезінде 3 ескерту алған кезде;
- техникалық басымдық бойынша;
- жекпе-жекті жалғастырудан бас тарту;
- қарсыластың жарыстан шеттетілуі;
- ұпай саны бойынша (басымдық кезінде екі кезең бойынша кем дегенде 1 ұпай)

Жеңіс түрлерін талдау үшін 42-бапты қараңыз.

Ұпай сандары тең болған жағдайда, жеңіс мына палуанға беріледі:

1. техникалық ұпайларының сапасы ең жоғары (жоғары ұпай берілетін тәсілдердің көптігі);
 2. ескертулер санының аздығы;
 3. ұпайда ең соңында жинағандар.
- Ұпайлар тең болған жағдайда:

Қызыл	Көк	Шікірлер	Қорытынды
1 1 1	1 1 <u>1</u>	Соңғы техникалық ұпайды көктегі палуан алды.	Көктегі жеңімпаз
1 2	1 1 <u>1</u>	Соңғы техникалық ұпайды көктегі палуан алды, ал қызылдағы палуан 2 ұпайлық тәсіл жасады.	Қызылдағы жеңімпаз
0 0 1 1 <u>1</u>	1 1 1 0	Соңғы техникалық ұпайды қызылдағы палуан алды, бірақ оның екі ескертуі бар, ал көктегі палуанның бір ғана ескертуі бар.	Көктегі жеңімпаз
1 1 1	1 <u>2</u> 0	Көктегі палуан 2 ұпай алды, бұл өз кезегінде ең сапалы ұпай болып табылады.	Көктегі жеңімпаз

1 1 0 <u>1</u>	1 2 0	Қызылдағы палуан соңғы техникалық ұпайды алды; бірақ көктегі палуан 2 ұпайлық тәсіл жасады. Әр палуанда бір ескертуден бар.	Көктегі жеңімпаз
1 1 1 0 0	0 0 1 1 <u>1</u>	Әр палуанда екі ескертуден бар. Көктегі палуан соңғы техникалық ұпайды алды.	Көктегі жеңімпаз

Белдесу кезінде 3 ескерту алған палуан (0) жекпе-жекте жеңілген болып есептеледі. Үшінші ескертуді төрешілер бригадасы бірауыздан қабылдауы керек. Наразылық (челенж) ескертудің барлық түрлерінде қабылдануы қажет.

30-бап. Бапкер

Жекпе-жек кезінде бапкер төменгі жақта немесе кілемнен 2 метрге алшақ орналасуы мүмкін.

- егер UWW дәрігері палуанға медициналық көмек көрсетсе, оның бапкері қатыса алады және дәрігерге көмектеседі. Осы жағдайдан және 30 минуттық үзілістен бөлек уақытта бапкерге кілемге шығуға тыйым салынады. Бұд ережелерді бұзған жағдайда, оған айыппұл санкциялары қолданылады.

- бапкерге төрешілерге өзінің жеке пікірін таңуға (төрешілерге нұсқау беруге) немесе оларға тіл тигізуге тренеру тыйым салынады. Ол тек өз спортшысына ғана нұсқама бере алады.

- бапкерге спортшыға су құюға немесе шашуға тыйым салынады

- бапкер спортшыға суды тек 30 минуттық үзілісте ғана бере алады, қалпына келу үшін құрғақ сүлгі пайдалана алады, спортшы жекпе-жекті жалғастыру үшін кілемнің ортасына денесін сүртіп құрғақ болып шығады (палуанға аузындағы суын кілемнің маңайына түкіруіне тыйым салынады). Қалпына келу үшін басқа да заттар пайдалануға тыйым салынады.

Осы тыйымдарды сақтамаған жағдайда, арбитр кілем басшысына бапкерге САРЫ карточкамен (ескерту) ескерту жасауға өтініш жасай алады, ал бұзушылықтар қайталанса, кілем басшысы ҚЫЗЫЛ (шеттету) карточканы көтере отырып, бапкерді ойыннан шеттете алады. Кілем басшысы ереже бұзылған жағдайда САРЫ немесе ҚЫЗЫЛ карточканы көрсете алады (арбитрдың реакциясын күтпей-ақ өз қалауымен).

Егер ҚЫЗЫЛ карточкамен жазалау болса, кілем басшысы жарысқа жауаптыларды (жарысты үйлестіруші) осы жөнінде хабардар етеді, ал бапкер болса жарыстан шеттетіледі және одан әрі өз қызметін жалғастыра алмайды. Ұлттық федерация тәртіптік және қаржылық ережелерге сәйкес жазаланатын болады.

Бұдан өзге, егер бапкер бір жарыстың кезінде екі сары карточка алатын болса (бір ойынның кезінде ма жоқ па маңызды емес), ол жарыстан шеттетіледі және одан әрі өз міндеттерін орындай алмайды. ҚЫЗЫЛ карточка алса, оның аккредитациясы алынып тасталады.

Жекпе-жек кезінде палуанға екі адам ғана көмекші бола алады. Егер команданың өз дәрігері болса және оның жекпе-жек кезінде спортшының жанында болуы міндетті болса (қажет болған жағдайда көмек көрсету), онда дәрігер көмекші ретінде екінші орында болады.

Сондай-ақ, бапкер қайта-қайта бір жарыста төрешінің қызметін атқара алмайды. Бұдан өзге, спортшыға 1S дәрежесіндегі төреші көмекші бола алмайды.

31-бап. Челенж (наразылық)

Челенж (наразылық) – бұл көмекшінің (бапкердің) спортшының мүддесін қорғау мақсатындағы бірқатар іс-әрекеттері: жекпе-жекті тоқтату мүмкіндігі және егер бапкер (және спортшы) бағалау дұрыс емес деп есептесе, UWW делегатының төрешісін және төрешілер бригадасын бағалауды қайта қарауды өтіне алады. Әдеттегідей наразылықты тек қайталама бейнежазба жүйесі қарастырылған жарыстарда ғана білдіруге болады.

Бапкер наразылығын білдіру үшін төрешілер бағалауды растағаннан кейін (немесе спортшының әрекетін бағалауды ұмытып кетсе), бірден батырманы басады. Егер палуан бапкердің наразылығымен келіспесе, ол наразылықты тоқтатып, жекпе-жекті қайта жалғастырып кетеді.

Егер ұйымдастырушылар наразылық таныту үшін арнайы батырмамен қамтамасыз етпеген болса, олар бапкерге жұмсақ зат (спонч) берулері тиіс, бапкер оны кілемге лақтыра отырып өз наразылығын білідіре алады.

Ұйымдастырушылар қайталама бейнежазба мүмкіндігі бар арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануы қажет, жарыстың барлық қатысушыларына көрінетіндей үлкен экранда көрсетулері қажет.

Егер техникалық себептермен қайталама бейнежазба жоқ болса немесе анық әрі айқын көрсете алмаса, төрешілер бригадасының шешімі өз күшінде қалады, ал бапкердің наразылық таныту құқығы сақталады.

Белсенділігі төмен күресті немесе «туше» тәсілін бекітуді даулау үшін наразылық қабылданбайды, өйткені «туше» тәсілін арбитр мен қапталдағы төрешінің пікіріне сәйкес кілем басшысы бекітеді (ережесіз шабуылға немесе қарсы шабуылға, кезеңнің немесе жекпе-жектің соңғы секундында орындалған амал-әрекеттерге, «туше» тәсілін туындатқан амал-әрекеттерге қарсы наразылық қабылдануы және қарастырылуы қажет).

- спортшылардың біреуі айқын түрде күресуден қашқақтаған және, төрешілер бригадасы бірауыздан 1 ұпай береді және қармаудан (әрекеттесу) қашқаны үшін ескерту (0) жасайды. Егер ережені бұзғаны үшін берілген бұл баға палуандардың біреуінің көңілінен шықпаса, спортшы наразылық (челенж) танытуға құқылы.

- наразылықты жекпе-жектің уақыты біткеннен соң талап ете алмайды, бағалау арбитрдың соңғы ысқырығынан соң немесе ойынның соңғы секундатында есептелген болса (таблоға шыққан, кілем басшысы бекіткен) ғана талап етуге болады.

- наразылық білдіру үшін бапкердің бағалау есептелгеннен кейін (таблоға шыққан, кілем басшысы бекіткен) 10 секунд немесе палуандар бейтарап қалыпқа келгеннен кейінгі сәттен бастап 10 секунд уақыты бар.

- бапкер өз орнында тұрып «ЧЕЛЕНЖ» наразылық батырмасын басады, бірақ кілемге, арбитрге немесе кілем басшысының үстеліне жүгіріп баруына тыйым салынады.

Қайталама бейнежазбаны көргеннен кейін делегат жағдайды кілем басшысымен ақылдасады және қабылданған шешім жөнінде хабарлайды. Делегат барлық жағдайлар бойынша өз пікірін білдіреді және шешімін хабарлайды. Оның шешімі нақты және қайта қарауға жатпайды.

- нақты шешім қабылданғаннан кейін «қарсы наразылыққа» өтініш беру мүмкін емес.

32-бап. Жеке жарыстар кезінде командаларды жіктеу

Командаларды жіктеу жарыстарда жіктелетін алғашқы 10 палуанның орындары бойынша анықталады.

Салмақ дәрежесіндегі орын	Ұпайлар	Салмақ дәрежесіндегі орын	Ұпайлар
1-ші	25	7-ші	8
2-ші	20	8-ші	6
3-ші, 3-ші	15	9-шы	4
5-ші, 5-ші	10	10-шы	2

Осы кестені пайдалану әр санаттағы палуандардың санына қарамастан өзгеріссіз қалады.*

*Егер спортшы жарыстан шеттетілген болса, және қорытынды хаттамада 5-орын алған 1 ғана спортшы қалған болса, 6-орын алған спортшы 9 ұпай алады. Айналма жүйе бойынша 4-орын алған спортшы 12 ұпай, 6-орын алған спортшы 9 ұпай алады. Командаларды жіктеу кезінде ұпай сандарды тең болса, бірінші орын, екінші орын иеленген палуандары көп команда бірінші орын алады.

Жарыс кезінде әрбір салмақ дәрежесінде бірнеше спортшысы бар мемлекет болса, командалық ұпайлар спортшылары осы салмақ дәрежесінде жоғары дәрежеге ие мемлекетке беріледі. Командалық рейтинг ұпайларын беру бұрынғы қалпында қалады.

33-бап. Командалық жарыстардағы рейтинг жүйесі

Палуанның жекпе-жектегі жеңісі, жеңістің сапасына қарамастан командаға 1 ұпай әкеледі.

Егер екі команданың командалық ұпайлары тең болса, олардың тікелей жекпе-жектерін рейтинг анықтайтын болады.

Егер екі немесе одан да көп командалардың командалық ұпайлары тең болса, рейтинг келесі өлшемшарттар бойынша анықталатын болады:

- жіктеу ұпайларының көп болуы;
- «туше» тәсілімен, жарысқа келмеу, күресуден бас тарту, жарыстан шеттету бойынша жеңістердің көп болуы;
- айқын басымдықпен жеңістің көп болуы;
- жинаған техникалық ұпайларының көп болуы;
- жеңілген ұпайларының аз болуы;
- жеребе нөмірінің төмендігі.

6-ТАРАУ. ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ БАҒАЛАУ

34-бап. Техникалық іс-әрекеттердің және амалдардың түсіндірмесі

Палуан барынша тырысып, бірақ қармауды сәтсіз аяқтаса және партерге шығып кетсе (үзіліп кету, амал-әрекетті орындамау қорғанушы палуанның шабуылына немесе қарсы амал-әрекетіне байланысты емес, керісінше техникалық жағынан дұрыс орындамаудан болады), үстінде болған палуан ұпай(лар) алмайды. Жекпе-жек тоқтатылады және одан әрі тұрған қалыпта қайта жалғасады. Алайда, амал-әрекетті орындау кезінде шабуыл жасалып жатқан палуан қарсы шабуыл жасап қарсыласын партерге шығарып жіберсе (төмен сырғытады), ол орындаған амал-әрекетіне сай ұпай алады.

Егер шабуылдаушы палуан мост қалпына түссе және қауіпті қалыпта қалып қойса, бірақ қарсыласына қауіпті жағдай тудыра отырып (оны мост қалпына тұрғызады), белсенді түрде өз қимылын аяқтайтын болса, ол жазаланбайды. Мұндай жағдайда тек шабуылдаушы палуан ғана ұпай алады, өйткені ол қауіпті жағдайдан өтіп, амал-әрекетін аяқтады. Алайда, шабуылдаушы палуан шабуыл жасалған палуанның діттеген іс-қимылымен немесе мост қалпында нақты қарсы шабуылымен тоқтатылса (тосқауыл қойса), онда ұпай шабуыл жасалған палуанға беріледі.

Партерде орындаған амал-әрекеттеріне қарағанда, тұрған қалпында бір амал-әрекетті қайталап орындаған жағдайда палуан үлкен ұпай алады. Шабуыл жасалушы палуанды амал-әрекет тұрған қалпында ма немесе партерде орындалды ма, соған қарап анықтайды. Егер шабуыл жасалушы палуанның бір ғана тізесі кілемге тиген болса, ол партерде деп есептеледі. Шабуыл жасалушы палуанның қалпы амал-әрекетті бағалауға әсер етпейді.

Осылайша, амал-әрекет орындаған палуан ұпайлар алады, егер ол:

- а) қорғаныстағы палуанды аяқтан шалса (партерге немесе қауіпті қалыпқа)
- б) амал-әрекетті орындай отырып, қарсыласының шарықтау немесе құлау қимылдарын сүйемелдесе;
- в) қарсыласын мост қалпына түсіре отырып, оны бақылайды; іс-қимыл аяқталған болып есептеледі.
- г) арбитр палуандарға ұпай берместен бұрын, әрбір жағдайдың аяқталғанын күтуі тиіс

д) қалыпты өзгертуге әсер ететін барлық іс-қимыл бағаланады (мәселен, партерге ауыстыру және бірден біртұтас іс-қимыл секілді үзіліссіз орындалған сүйреу 2-ден 2 ұпайға бағаланады).

е) автотуш (бір сәттік туше) – палуанның екі жауырыны да бірдей қысқа мерзімге кілемге тиеді, бірақ бұл «туше» болып есептелмейді (жауырыны тиген қарсыласының тек нақты бақылауы (43-бапты қараңыз)). Егер палуан тұрған қалпында амал-әрекет орындау кезінде қарсыласының жауырынын кілемге тигізсе, ол бұл үшін 4 ұпай алады. Егер палуан өз іс-қимылы кезінде жауырыны кілемге тисе, бірақ шабуыл жасалушы палуанға тосқауыл қоя отырып (мысалы, мост қалпына түсіру) іс-қимылын аяқтаған болса, онда ол 4 ұпай алады, ал оның қарсыласы ұпай алмайды.

ж) мост қалпында шынтақтың көмегімен бір жауырыннан екінші жауырынға аунап түсу және керісінше (бірнеше рет) жасаса бір ғана іс-қимыл болып саналады.

з) қарсыластар бейтарап қалыпқа келмейінше (партерде ішпен жату; тұрған қалпында бір-біріне бет-бет тұру) амал-әрекет жаңа іс-қимыл ретінде қаралмауы тиіс.

и) арбитр егер қапталдағы төреші келісетін болса ұпайларды көрсетеді, ол тиісті түс пен бағалаудың (1,2,4 немесе 5 ұпай) тақтайшасын көтереді. Арбитр мен қапталдағы төрешінің арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда кілем басшысы біреусінің пікіріне қосылу керек, оған кеңес өткізуді және кілем басшысының пікірін көпшіліктің қолдауын қоспағанда екеуінің пікірінен алшақ баға беруге рұқсат етілмейді.

к) кезеңнің (немесе жекпе-жектің) соңында гонг дауысы шыққанға дейін кілем басшысымен белгіленген және келісілген «туше» тәсілі есептеледі.

л) жекпе-жектің соңында амал-әрекет аяқталады, егер ол гонг соғылғаннан кейін немесе таблодағы уақытөлшемі нөлді көрсеткенде (00:00) аяқталған болса. Гонг соғылғаннан кейін аяқталған амал-әрекет мүлде есептелмейді.

35-бап. Қауіпті жағдай

Палуан оның арқасы (немесе жауырыны) кілемге тігінен немесе параллель 90 градустық бұрыш жасап тиген болса және палуан «туше» тәсілін болдырмас үшін кеудесінің жоғарғы жағымен қарсы әрекетке шықса қауіпті қалыпта болып есептеледі,

Қауіпті қалып мына жағдайларда туындайды:

а) қорғанушы палуан «туше» тәсілінен қорғану үшін мост қалпына тұрады

б) қорғанушы палуан жауырыны кілемге тимес үшін бір немесе екі шынтағымен қорғанады

в) палуанның бір иығы кілемге жабысады және жауырыны кілеммен 90 градустан кем емес үшкір бұрыш жасайды

Палуан кіемге кеудесімен және ішімен аунап түскенде және кеудесі мен іші кілеммен 90 градустан кем бұрыш жасағанда қауіпті қалыптан шықты деп есептеледі. Егер палуанның арқасы кілеммен арақатынасы тік бұрышты (90 градус) құраса, мұнда да қауіпті қалыптан шықты деп есептеледі (бейтарап қалып).

36-бап. Ұпайларды жазу

Кілем басшысы мен қапталдағы төреші палуандардың іс-қимылы және амал-әрекеттері үшін алған ұпайларын төрешілер жазбасына жазады. Олар оны әр амал-әрекет аяқталған бойда жазып отырады. Жазбаның бірыңғай нысаны болу үшін «туше» тәсіліне алып келетін амал-әрекеттерге берілген ұпайлар төрешілер жазбасында шеңбермен қоршалады.

Кілемнен кеткені, амал-әрекеттен жалтарғаны, күресті бастаудан бас тартқаны, дұрыс емес амал-әрекеті және дөрекілігі үшін берілген ескертулер (0) белгісімен жазылады. Әрбір ескертуден кейін (0) қарсыласы 1 немесе 2 ұпай алады. Ұпай сандары тең болған жағдайда, соңғы жинаған техникалық ұпайдың асты сызылуы қажет.

37-бап. Жоғары амплитудамен лақтыру

Палуанның тұрған қалпында жасаған кез-келген лақтыруы «жоғары амплитудамен» лақтыру болып қарастырылады, егер:

- палуан қарсыласын кілемнен толықтай көтеріп алады, оның жерге құлағанын бақылайды (құлаған жағдайда сүйемелдеу міндетті түрде емес), ауада доға қалпында қалықтата отырып, қауіпті қалыпқа алып келеді – партерде белдесу кезінде шабуылдаушы палуан қарсыласын кілемнен толықтай көтеріп алып, оны не етпетінен қауіпсіз емес қалыпқа түсіреді (4 ұпай), не қауіпті қалыпқа түсіреді (5 ұпай).

38-бап. Техникалық іс-әрекетті және амал-әрекеттерді бағалау

1 ұпай

- қарсыласы тұрған қалпынан ең болмағанда бір табанамен (толығымен) қорғаныс аумағына шыққан, шыға отырып ешқандай амал-әрекет орындамаған палуанға беріледі.

Күрестің екі түріне де арналған тұрған қалыпта кілемге шығуды бағалау:

- егер шабуылдаушы палуан бірінші болып кілемнен шықса және бұл кезде ол амал-әрекет (шабуыл) орындаған болса, келесі нұсқалар мүмкін болады:

- егер палуан амал-әрекетті аяқтаса (бүтіндей шабуыл), ол жасаған амал-әрекетіне сәйкес ұпай жинайды (1, 2, 4 немесе 5 ұпай).

- егер шабуылдаушы палуан амал-әрекетін аяқтай алмай қалса, онда оның қарсыласы 1 ұпай алады.

- егер шабуылдаушы палуан қарсыласын кілемнен толықтай көтеріп алса, жағдайды бақылауда ұстаса, бірақ амал-әрекетті аяқтай алмаса (бағалауға лайықты орындай алмаса), ешкімге ұпай берілмейді.

Ескерту: егер палуан қолымен тікелей қарсыласын айқын түрде итеріп, кілемнен шығарып жіберсе (амал-әрекет жасауға талпынбай немесе аяқтамай), ол 1 ұпай алмайды.

- жарақат үшін (қан ақпаса немесе көзге көрінерліктей себер жоқ болса, яғни өтірік сылтау етсе), жекпе-жектегі тоқтатудың барлығы қарсыласының есебіне 1 ұпай берумен жазаланады.

- қарсыласы наразылық танытқан, бірақ наразылығы қанағаттандырылмаған, яғни төрешілер бригадасының шешімі нақтыланған палуанға;

- қарсыласы белсенділігі төмен деп танылған және 30 секунд ішінде төмен белсенділіктен ұпай жинай алмаған (еркін күресте) палуанға.

- жоғарыға шыққан (қауіпті қалыптан) немесе қарсы шабуылға және партердегі қалыптан жоғарыға шыққан (ұтылғаннан кейін жоғарыға шығып, артта болу) палуанға.

- қарсыласы амал-әрекеттерден, қармаудан, кілемнен жалтарған, белгі бойынша күресуді бастаудан бас тартқан, тыйым салынған іс-қимылдар жасаған немесе кілемде дөрекілік көрсеткен (FS-еркін күресте) шабуылдаушы палуанға.

- қарсыласы амал-әрекеттен және кілемнен жалтарған шабуылдаушы палуанға (GR-греко-рим күресінде)

- қарсыласы амал-әрекетті орындауға кедергі келтіретін тыйым салынған қармау немесе амал-әрекет қолданған шабуылдаушы палуанға. (FS- еркін күресте)

- қарсыласы шабуыл кезінде тыйым салынған қармау немесе амал-әрекет орындаған, бірақ амал-әрекетін аяқтаған шабуылдаушы палуанға (FS - еркін күресте)

- грек-рим күресінде қарсыласы бірінші және екінші төмен белсенділігі үшін ескерту алған палуанға.

- қарсыласы бірінші ескертуден кейін ережені бұза отырып шабуыл жасаған палуанға

- қарсыласы бірінші ауызша ескертуден кейін (еркін стильде) дұрыс «партерлік» позициядан бас тартқан жоғарыдағы палуанға.

- қарсыласы қорғана отырып, ережені бұзса да, амал-әрекетін аяқтап үлгерген шабуылдаушы палуанға (FS).

- Жарыстың ресми дәрігері анықтаған жалған сылтау үшін

2 ұпай

- тұрған қалыпта қарсыласының артынан келіп және сол жерден оны позициясын белгілей отырып, партерге атып ұрған палуанға (кілемге палуанның кем дегенде үш жері тиюі тиіс: екі қолы және тізесі немесе екі тізесі және бір қолы немесе басы және екі тізесі).

- толық әдісті орындаған палуан, яғни қарсыласын тікелей қауіпті жағдайға емес, сөреден лақтырып жіберген палуан (қарсылас кілемге бүйір қабырғасымен құлады), денеге шабуыл жасап, қарсыласты аяқтан шалғанда (бүйір қабырғасына), аяққа шабуыл жасап, қарсыласты аяқтан шалғанда, тікелей қауіпті жағдайға емес қарсыласты аяқтан шалғанда, өзге бағытқа сермеу арқылы қарсыласты аяқтан шалғанда және шабуылын жалғастыра отырып, қарсыласын бақылай отыра, артына өткен (шабуылға ұшыраған палуан кілемге төменнен кемінде үш рет тию) жағдайда.

- амал-әрекет орындаған және қарсыласы бір немесе екі қолымен жер тірегеніне қарамастан оның арқасы мен кілемнің арасында 90 градустан кіші бұрышта тәсіл көрсеткен палуанға.

- қарсыласы жауырынымен аунап кеткен (партердегі аунау) шабуылдаушы палуанға.

- қарсыласы тұрған қалыпта амал-әрекет жасаған кезде оған тосқауыл қойған және қауіпті қалыптағы шабуылдаушы палуанды орнықтырған палуанға.

- қарсыласы қандай да бір тыйым салынған іс-қимыл жасаған шабуылдаушы палуанға (GR).

- қарсыласы амал-әрекеттен қорғану кезінде ереже бұзған шабуылдаушы палуанға (GR).

- қарсыласы ауызша ескертуден кейін (грек-рим күресінде) дұрыс «партерлік» позициядан бас тартқан жоғарыдағы палуанға.

- қарсыласы қауіпті қалыпта кілемнен жалтарған палуанға.

- қарсыласы қауіпті қалыпта бола тұра ереже бұзған шабуылдаушы палуанға.

- қауіпті қалып арқылы партерде жасалған кез-келген аударылу.

- қарсыласын «қолдан қолға» тәсілімен аударыспақ жасаған шабуылдаушы палуанға.

4 ұпай

- қарсыласын қауіпті қалыпқа түсірген (бірден тұрған қалыптан қауіпті қалыпқа түсіру), тұрған қалыпта амал-әрекет орындаған палуанға.

- шабуылдаушы палуан кілемде бір немесе екі тіземен кілемде болса да, нәтижесінде шабуыл жасалушы палуан бірден қауіпті қалыпқа түсетін аз амплитудамен кілемнен көтере отырып (лақтыру) орындалған барлық амал-әрекеттер үшін

- қауіпті емес қалыпқа түсіре отырып, үлкен амплитудамен лақтырғаны үшін.

Ескерту: егер амал-әрекет орындау кезінде шабуыл жасаушы палуанның өзі де үнемі кілемге бір қолымен тиіп отырса және бірден қауіпті қалыпқа түссе, шабуылдаушы палуан да 4 ұпай алады.

Қарсыласы кілемнен толықтай көтеріліп және кеудесімен немесе бір\екі қолын алға созып жерге түскен кезде тұрған қалыпта немесе партерде орындалған кез-келген лақтыру үшін. Қорғанушы палуан аз амплитудамен айналуы (кез-келген тарапқа) тиіс.

5 ұпай

- шабуыл жасалушы палуанды тікелей қауіпті қалыпқа түсіретін тұрған қалыптан үлкен амплитудамен орындалған барлық лақтыру үшін.

- қарсыласын үлкен амплитудамен тікелей қауіпті қалыпқа түсіретін партерде қарсыласын тікелей кілмен толығымен көтере отырып орындалған лақтыру үшін.

39-бап. Шешім шығару және оны жариялау

Арбитр қолын көтере отырып, саусақтарымен ұпай санын көрсетіп өз шешімін көрсетеді. Егер арбитрдың, кілем басшысының және қапталдағы төрешінің пікірлері сәйкес келіп жатса, бағалау есептеледі.

Кеңес өткізгеннен кейін кілем басшысының пікірін төрешілердің біреуі қолдаған жағдайды есептемегенде, кілем басшысы арбитрмен және қапталдағы төрешінің бірауыздан келіскен шешіміне ықпал етуіне немесе өзгертуіне құқығы жоқ. Кез-келген лақтыруды, егер ол бағаланған болса, қапталдағы төреші мен кілем басшысы арнайы тақтайшамен немесе электронды табломен көрсетуі тиіс. Кілем басшысы мен қапталдағы төрешінің үстелінде 11 түрлі түсті тақтайшалар болуы тиіс.

Тақтайшалар көк, қызыл және ақ түсті болуы қажет, атап айтқанда:

- 1 ақ

- 5 қызыл, соның ішінде 4-уі ұпай санын көрсету үшін 1,2,4,5 деп нөмірленген, қалған 1-уі ескертуге және палуандардың біреуінің назарын аудартуға арналған нөмірсіз болады

- 5 көк, оның 4-уі қызыл секілді нөмірленген және 1-уі нөмірсіз. Қапталдағы төреші қандай да бір жағдай болмасын өз пікірін білдіруден қалыс қалмауы керек, ол өз ойын нақы әрі айқын, ешқандай күмәнсіз білдіруі тиіс. Арбитр мен қапталдағы төрешінің пікірлерінде алшақтық болған жағдайда, арбитр мен қапталдағы төрешінің пікірлерінің біреуіне қосыла отырып, шешімді кілем басшысы шығарады, барлық жағдайда кілем басшысы бағалауды көрсетуі (растауы) қажет. Егер жекпе-жек оған бөлінген уақытқа дейін жалғасатын болса, кілем басшысының жазбасы жеңімпазды анықтаудағы шешуші құжат болып табылады. Ақпараттық табло ұпайлар мен олардың саны көрсетілген кілем басшысының жазбасына толықтай сәйкес келуі қажет.

Егер төреші мен кілем басшысы жазбасының арасында бір немесе бірнеше ұпайға алшақтықтар болса, назарға тек кілем басшысының жазбасы ғана алынады.

40-бап. Нәтижелер кестесі

Әрбір жағдайға байланысты қапталдағы төреші мен арбитр бұдан әрі көрсетілетіндей төмен белсенділік үшін ұпайлар, ескертулер мен ескертпелер береді. Әрбір белгілі жағдайда, келесідей нәтижелер беріледі:

R – қызыл трикодағы палуан,

В – көк трикодағы палуан,
О – нөл ұпай

Арбитр	Қапталдағы төреші	Кілем басшысы	Ресми қорытынды	Ескерту
1R	1R	-	1R	Бұл жерде төреші мен арбитрдың бағасы бірдей, сондықтан кілем басшысы араласпайды, тек өрескел қателіктер болған жағдайда ғана араласады.
2B	2B	-	2B	
4R	4R	-	4R	
5R	5R	-	5R	
1R	0	0	0	Бұл жерде төреші мен арбитрдың бағасы бірдей емес, сондықтан кілем басшысы араласады және көпшіліктің дауыс беруімен шешім шығарылады.
1B	1R	1R	1R	
2R	1R	2R	2R	
2B	0	2B	2B	
4R	2R	2R	2R	
2B	1R	2B	2B	

Пікір алшақтығы туындаған жағдайда, кілем басшысы кеңес өткізуі тиіс.

7-ТАРАУ. ЖЕҢІСТЕН КЕЙІН БЕРІЛЕТІН КЛАССИФИКАЦИЯЛЫҚ ҰПАЙЛАР

41-бап. Классификациялық ұпайлар

Палуанның әр жекпе-жектен соң алатын біліктілік ұпайлары оның нақты біліктілігін анықтайды.

Жеңімпазға 5 ұпай және жеңілгенге 0 ұпай:

- «туше» тәсілімен жеңу (жеңілген палуанның техникалық ұпайлары бар немесе жоқ, VFA 5:0)

- жарақат (егер спортшы жарысқа дейін немесе жарыс кезінде жарақаттанса және бұл ресми дәрігердің анықтамасымен расталған болса, VIN 5:0).

- жекпе-жекте 3 ескерту (0) (VCA 5:0)

- келмеу (егер спортшы кілемге шықпаса, VFO 5:0)

- жарыстан шеттету (15-бапты қараңыз. Егер спортшы жекпе-жекке дейін немесе кейін жарыстан шеттетілсе, DSQ 5:0)

Мына жағдайда жеңімпазға 4 ұпай және жеңілгенге 0 ұпай беріледі:

- жеңілген палуан ешқандай техникалық ұпай алмай, айқын басымдықпен жеңгені (екі кезеңдегі ұпай сандары бойынша GR күресте 8 ұпай айырмашылықпен, FS күресте 10 ұпай айырмашылықпен)

Мына жағдайда жеңімпазға 4 ұпай және жеңілгенге 1 ұпай беріледі (VSU1 4:1):

- жеңілген палуанның техникалық ұпайы бола тұра, айқын басымдықпен жеңген кезде.

Жеңімпазға 3 ұпай және жеңілгенге 0 ұпай (VPO 3:0):

- палуан жеңген кезде және екі кезең аяқталғанда есеп бойынша грек-рим күресінде 1-ден 7 ұпайға дейін айырмашылық және еркін күресте 1-ден 9 ұпайға дейін айырмашылық болғанда, ал жеңілген палуан ешқандай ұпай жинамағанда.

Жеңімпазға 3 ұпай және жеңілгенге 1 ұпай(VPO1 3:1):

- палуан жеңген кезде және екі кезең аяқталғанда есеп бойынша грек-рим күресінде 1-ден 7 ұпайға дейін айырмашылық және еркін күресте 1-ден 9 ұпайға дейін айырмашылық болғанда, ал жеңілген палуанға бір немесе бірнеше техникалық ұпай беріледі.

Қызылдағы палуанға 0 ұпай және көктегі палуанға 0 ұпай (2DSQ 0:0):

- екі палуан да өрескел ереже бұзғаны үшін жарыстан шеттетілгенде.

- екі палуан да жарақат алған жағдайда (2VIN 0:0).

42-бап. Туше

Қорғанушы палуанды қарсыласы арбитр нақты көре алатындай, жеткілікті уақытқа екі иығын да кілемге толықтай тигізген жағдайда бұл тәсіл есепке алынады. Кілемнің шетінде «туше» тәсілін анықтау үшін қарсыластың екі иығы да кілемнің төмен белсенділік аумағында (қызыл ары жолақ) толықтай кілемге тиюі тиіс, ал басы болса қорғаныс аумағына толықтай тимеуі қажет. Қорғаныс аумағында орындалған «туше» тәсілі есепке алынбайды. Егер палуан өз қателігінің немесе дұрыс емес (тыйым салынған) амал-әрекетінің салдарынан екі иығы да кілемге толықтай тисе, «туше» тәсілі есепке алынады және жеңіс оның қарсыласына беріледі. Арбитрдың немесе және қапталдағы төрешінің белгілеген «туше» тәсілін кілем басшысы растаса, онда ол есепке алынады. Егер арбитр есепке алынуы тиіс «туше» тәсілі жөнінде белгі беремесе, онда ол қапталдағы төреші мен кілем басшысының келісімі бойынша хабарланады. Сол үшін «туше» тәсілі анықталып және есепке алынуы үшін, ол айқын көрсетілуі қажет. Яғни, бірінші абзацта айтылғандай палуанның денесінің жартысы көтеріңкі бола тұра екі иығы да аз уақытқа болса да кілемге толықтай тиюі қажет. Барлық жағдайда арбитр «туше» тәсілін кілемді алақанымен ұра отырып анықтайды, тек содан соң ғана кілем басшысының рұқсатын алған соң ысқырып, жекпе-жектегі тоқтату туралы белгі береді. Кілем басшысымен келісілмеген «туше» тәсілі есепке алынбайды.

Кілем басшысы растаған «туше» тәсілі бойынша наразылық («челенж») қарастырылмайды.

«Туше» тәсілі есепке алынғаннан кейін тек бір ғана жағдайда наразылық қабылданады: егер спортшы тыйым салынған амал-әрекет (мәселен, грек-рим күресінде аяқтан асыра лақтыру) орындаса, ал төрешілер болса оны байқамаса немесе жекпе-жектегі тоқтатпаса, ал бапкер болса амал-әрекет ережеге сай емес деп шешсе, палуандар қауіпті қалыпта болғанда «челенж» батырмасын

басқанда ғана наразылық қабылданады. Содан соң ғана «туше» тәсілі анықтала тұра наразылық қарастырылады, бірақ «туше» тәсілі бойынша емес, амал-әрекеттің дұрыс не дұрыс емес орындалғаны жөнінде. Егер шын мәнінде амал-әрекет ережені бұза отырып орындалған болса, онда ол да «туше» тәсілі де есепке алынбайды. Қарсыласының қауіпті қалыптағы бақылауындағы кез-келген палуан қағдай да бір себептерсіз немесе жарақатсыз айқайлап кілемді ұрса, рефери белдесуді тоқтатпайды, бірақ палуан айқайлауын тоқтатпаса арбитр мәжбүрлі түрде жекпе-жектегі тоқтатады және төрешілер бригадасы «туше» тәсілін белгілейді.

43-бап. Техникалық басымдық

«Туше» тәсілінен және жарыстан шеттетуден бөлек жекпе-жек мына жағдайда негізгі уақыттың соңына дейін тоқтатылады:

- палуандардың ұпай сандарында грек-рим күресінде 8 ұпай және еркін күресте 10 ұпай айырмашылық болса. Іс-қимыл толық аяқталғанға дейін техникалық басымдықпен жеңіс тағайындау үшін жекпе-жектегі тоқтатуға болмайды (28-бапты қараңыз). Ұпай сандарында грек-рим күресінде 8 ұпай және еркін күресте 10 ұпай айырмашылық болғанда кілем басшысы арбитрға белгі беруі қажет. Арбитр кілем басшысының бұйрығымен техникалық басымдықпен жеңуіне байланысты жекпе-жектегі бейтарап қалыпта тоқтатды.

8-ТАРАУ. ПАССИВТІ БЕЛДЕСУ

44-бап. Жекпе-жек кезінде партердегі күрес

Егер жекпе-жек барысында палуандардың бірі қарсыласын партерге шығарып жіберсе, жекпе-жек партерде жалғасатын болады және астындағы палуан кез-келген қарсы шабуылдаушы тәсілдерді орындай отырып, тұрған қалыпқа өтіп қарсыласына қарсы күш қолдана алады.

Егер палуан өз қарсыласын партерге сырғытса, бірақ шабуыл жасалушы палуанның мықты қорғанысының арқасында ешқандай амал-әрекеттер орындай алмаса, арбитр біршама уақыт өткеннен кейін жекпе-жектегі тоқтатды және оны тұрған қалыпта қайта жалғастырады. Грек-рим күресінде жоғарыдағы палуанның шабуылынан қорғану үшін төмендегі палуанға бір қолымен қарсыласына сүйенуге (кеудесіне немесе шабуылдаушының қолының кез-келген тұсына) рұқсат беріледі, бірақ төмендегі палуанға қолымен өз кеудесін немесе жабуға немесе шынтағы мен тізесін біріктіруге тыйым алынады. Жоғарыдағы палуанға қарсыласын партерге шығарған соң оның үстіне секіруге тыйым салынады. Егер осындай қателіктерге жол берілсе, арбитр алғашқы осындай жағдайда ауызша ескерту жасайды, ал осы жағдай қайталанып болса, тәртіп бұзушыға ескерту береді және оның қарсыласына 1 ұпай (FS), 2 ұпай (GR) беріледі және жекпе-жектегі тұрған қалыпта қайта жалғастырады.

Жоғарыдағы палуан партердегі жекпе-жекті өз еркімен тоқтата алмайды және тұрған қалыпта жаңартуды сұрай алмайды.

Партердегі позиция

Төрешілердің ысқырығына дейін палуандардың партердегі бастапқы қалпы келесідей болады:

Астындағы палуан кілемнің ортасында ішпен жатуы тиіс. Қолдары алға қарай, ал аяқтары артқа қарай созылуы қажет. Қолды және\немесе аяқты айқастыруға болмайды. Астындағы палуанның аяғы мен қолы кілемге толықтай тиіп жатуы тиіс. Астындағы палуан үстіндегі палуанға тосқауыл қоя алмайды. Жоғарыдағы палуан қарсыласының арқасына қолын қойып, оның жанына орналасады. Жоғарыдағы палуанның екі тізесі кілемге тиюі қажет. Арбитрдың ысқырығынан соң астындағы палуан ережелерге сәйкес қорғанады. Астындағы палуанға секіріп кетуге және қарсыласынан сытылып шығуына тыйым салынады. Қорғану керек, қорғану кезінде қолын кеудесіне қысып немесе шынтағын тізесімен қосып тосқауыл қою керек және аяқты белсенді қолдану керек (GR). Сондай-ақ, астындағы палуанға арбитрдың ысқырығымен бір сәтте тұруға тыйым салынады.

Партерде жекпе-жекті дұрыс бастаудан бас тартқан палуанды жазалау түрі:

Үстіңгі палуан

- 1-рет – ауызша ескерту
- 2-рет – позициясын жоғалту, белдесу тұрған қалыпта жалғасады

Астыңғы палуан

- 1-рет – ауызша ескерту
- 2-рет – ескерту және қарсыласына FS 1 ұпай\ GR 2 ұпай , белдесу партерде жалғасады.

45-бап. Пассивті аймақ (қызыл сары аймақ)

Төмен белсенділік аймағы қызыл ары түсті жолақпен белгіленеді, ол белсенділігі төмен палуанды анықтауға арналған. Рефери төмен белсенділік аймағына жақындағандығы жөінде белгі бере отырып, палуандарды кілемнен шығып қалу қаупі туралы ескертеді. Кілемнің ортасында басталған және осы аймақта (қызыл сары) аяқталған қауіпті қалыпты, қарсы шабуылды және «туше» тәсілін қоса алғанда барлық амал-әрекеттер мен іс-қимылдар есепке алынады. Кілемнің ортасында (төмен белсенділік аймағынан тыс) тұрған қалыпта басталған барлық амал-әрекеттер мен қарсы шабуылдар, ол қай жерде аяқталғанына қарамастан (орталық аймақта ма, қызыл сары немесе қорғаныс аймағында ма), есепке алынады. Алайда, егер олар қорғаныс аймағында аяқталған болса, жекпе-жек тоқтатылады және палуандар кілемнің ортасына қайтарылып, тұрған қалыпта орналасады, ұпайлар іс-қимыл сапасына қарай беріледі. Қорғаныс аймағындағы «туше» тәсілі есепке алынбайды. Кілемнен тыс лақытыру болса жекпе-жек тоқтатылуы қажет және палуандар кілемнің ортасына қайтарылып тұрған қалыпта орналасады, өйткені іс-қимыл кілемнің

күрес аймағынан тыс жерде аяқталды. Қорғаныс аймағында орындалған және басталған амал-әрекеттер бағаланбайды. Тек 1 ұпай ғана кілемге шыққаны үшін берілуі мүмкін. Палуан кілемнен тыс шыға тұрып ешқандай амал-әрекет орындамайтын болса, 1 ұпайға жеңіледі. Егер екі палуан да кілемнен тыс шығып қалса, төреші қай палуанның бірінші болып кілемнен тыс шыққанын анықтауы қажет және оның қарсыласына 1 ұтыс ұпайын беруі тиіс. Егер палуан амал-әрекетті сәтсіз орындаса және қауіпті қалыпта емес, қорғаныс аймағында астында болып қалса, ал оның қарсыласы оны бақылауда ұстаса ол (босатып алған палуан) 1 ұпайға жеңіледі (бұл кілемнен шығып кетті деп есептеледі). Егер ол қорғаныс аймағында кілемге арқасымен түссе және қарсыласы оны қауіпті қаоыпқа түсірсе, онда ол 2 ұпай жеңіледі. Алайда, осыған ұқсас кілемнен тыс лақтыру кезінде егер шабуылдаушы палуан кілемге бірінші болып тисе (денесінің кез-келген бөлігі) және содан соң қарсыласына қауіпті қалыпта тосқауыл қоятын болса, ол 1 ұпайға жеңіледі. Кілемнің ортасында басталған амал-әрекеттерді және іс-қимылдарды орындау кезінде палуандар 3 немесе 4 аяқпен төмен белсенділік аймағына өте алады және амал-әрекет (итеріп жіберу, швунг жасау, қарсы шабуылдау, амал-әрекеттер орындау) жасау кезінде тоқтатуға ешқандай жол бермеу шартымен амал-әрекеттерін жалғастыра отырып, оны барлық бағытта дамыта алады.

Шабуылдаушы палуан бір аяғымен қорғаныс аймағына шығын кеткен кезде тұрған қалыпта және қызыл сары аймақта орындалған іс-қимыл немесе амал-әрекет жалғасуы мүмкін, шабуылдаушы палуанға іс-қимылын сәтті аяқтауы үшін өлшенген уақыт беріледі. Егер палуандар қызыл аймақта белсенді қимылын тоқтатса және сол жерде екі, үш немесе төрт аяқтарымен бола тұрып ешқандай амал-әрекет орындамаса, арбитр жекпе-жектегі тоқтатады және палуандарды кілемнің ортасына қайтарады, белдесу тұрған қалыпта қайта жалғасады. Төмен белсенділік аймағындағы (қызыл сары) тұрған қалыптағы барлық іс-қимылдар егер кез-келген палуанның бір аяғы кілемнен шығып кетсе арбитр бірден ысқырмайды, амал-әрекеттің аяқталғанын күтеді.

Партерде белдесу кезінде қызыл сары аймақта немесе қызыл сары аймақтан орындалған барлық амал-әрекеттер, іс-қимылдар немесе қарсы шабуылдар егер олар қорғаныс аймағында аяқталса да есепке алынады. Төрешілер партерде қызыл сары аймақта басталған және қорғаныс аймағында аяқталған барлық амал-әрекетті бағалайды, шыққаннан кейін жекпе-жек тоқтатылады және палуандар кілемнің ортасына барып тұрған қалыпта орналасады. Партерде белдесу кезінде шабуылдаушы палуан шабул жасалушы палуанның иығы мен басы қызыл сары аймақта болу шартымен егер ол амал-әрекетін орындау кезінде аймақтан шығып кетсе де өзінің техникалық іс-қимылын аяқтауға мүмкіндігі бар. Бұл жағдайда 4 аяқ та кілемнен тыс шығып кетсе болады.

46-бап. Төмен белсенділік (еркін және грек-рим күресінде)

Еркін күресте төмен белсенділік үшін жазалаудың тәртібі.

Төрешілер алқасының маңызды рөлдерінің бірі нақты белсенді іс-қимылдың және өтірік белсенділіктің не екенін бағалау және ажырата білу.

а) жекпе-жектің кез-келген уақытында, егер төрешілер бригадасы палуанның қарсыласына іс-қимылына тосқауыл қойып қана жүргенімен, өзі амал-әрекет орындағысы және белдесуге шыққысы келмейтіндігімен, қарсыласының саусағын сындырғанымен (ұстап жібермеу) келісетін болса, арбитр белгі беруі қажет (ауызша команда береді: көк төмен белсенділік (немесе қызыл төмен белсенділік)).

Бірінші рет жекпе-жек тоқтатылады және палуанға ауызша ескерту беріледі: «Тыңдаңыз» (V).

Екінші рет белсенділігі төмен палуанды ескерту (хабардар ету) үшін жекпе-жек тоқтатылады, бұл өз кезегінде ол үшін 3 секундтық төмен белсенділік кезеңі (activity time) (P) басталады дегенді білдіреді.

Арбитр белсенді іс-қимыл, амал-әрекет, қорытындылау кезінде төмен белсенділік кезеңін белгілеу және бастау үшін, сондай-ақ, төмен белсенділік кезеңінің аяқталуын белгілеу үшін кілемде ысқырмауы тиіс (құқығы жоқ). Ақпараттық таблода бапкерді, спортшыны көрермендерді төмен белсенділік кезеңі басталғандығы жөнінде хабардар ете отырып төмен белсенділік кезеңі басталған палуанды белгілейді.

Белсенділігі төмен палуан 30 секунд ішінде ұпай жинау керек, олай болмаған жағдайда қарсыласы 1 ұпай алады. Егер 30 секунд ішінде (төмен белсенділік кезеңі) белсенді палуан ұпай жинаса, белсенділігі төмен палуан үшін уақыт (activity time) жалғасады.

б) егер бірінші кезеңде 2 минут біткеннен кейін палуандардың бірде біреуі бірде бір техникалық ұпай жинамаса, арбитр міндетті түрде жекпе-жекті тоқтатады және төрешілер бригадасы 30 секунд (activity time) тағайындалатын белсенділігі төмен палуанды анықтайды.

в) егер кезеңнің соңына дейін 30 секундтан аз уақыт қалған болса, ашық түрде төмен белсенділік көрсеткен (қармаудан жалтарады, тосқауыл қояды) палуанды төрешілер бригадасының бірауыздан шешімі бойынша ескертумен жазалайды және оның қарсыласына 1 ұпай беріледі. Мұндай жағдайда наразылық туындауы және оны қарастыру мүмкін.

г) егер палуан жекпе-жектің 2:00 уақыты болғанға дейін бірнеше секундта амал-әрекет бастаса және таблодағы есеп 0:0 көрсетсе, арбитр мұндай сәтте жекпе-жекті тоқтатпауы керек, сонысымен палуанға амал-әрекетін аяқтауға мүмкіндік береді. Егер амал-әрекет техникалық іс-әрекетпен аяқталған болса, онда жекпе-жек тоқтаусыз жалғасады. Егер амал-әрекет ұпайсыз аяқталса, онда жекпе-жек тоқтатылады және 30 секундтық төмен белсенділік кезеңі (activity time) белгіленеді.

д) Для возрастных категорий U15, U17 жас санатындағыларға және ардагерлерге ауызша ескерту берілмейді (V). Төмен белсенділік рәсімі (activity time) тікелей белсенділік уақытынан басталады.

Грек-рим күресінде төмен белсенділік үшін жазалау тәртібі.

Белсенді палуан келесі өлшемшарттар бойынша анықталады: ол қарсыласымен байланыс орнатуға және сақтауға ұмтылады, белдесуге барады, қолын төмен салып және осы қимылын амал-әрекет орындау арқылы жалғастыруға тырысады. Екі палуан да белсенді белдесу жүргізуге ұмтылуы қажет.

Егер бір палуан белсенді күресетін болса, ол ынталандырылатын болады. Мұндай жағдайда оның қарсыласы тосқауыл қойса және белсенді күресуден қашса, ол белсенділігі төмен палуан болып есептеледі және төмен белсенділік үшін жазалау рәсімі (белсенділікті ынталандыру) келесідей болады:

- **Белдесудегі 1-төмен белсенділік (қандай палуан екендігіне қарамастан)**, жекпе-жек тоқтатылады, белсенді палуан 1 ұпай алады және тұрған қалыпта немесе партерде белдесуді таңдайды (P). Жекпе-жектегі бірінші төмен белсенділік 2:00 минуттан кеш берілмейді.

- **Белдесудегі 2-төмен белсенділік (қандай палуан екендігіне қарамастан)**, жекпе-жек тоқтатылады, белсенді палуан 1 ұпай алады және тұрған қалыпта немесе партерде белдесуді таңдайды (P).

- **Белдесудегі 3-ші және кез-келген келесі төмен белсенділік (қандай палуан екендігіне қарамастан)**, белдесу тоқтатылады және белсенді палуан тұрған қалыпта немесе партерде белдесуді таңдайды (P). Белсенді палуанға 1 ұпай берілмейді.

Төрешілер бригадасына төмен белсенділікті қолдана отырып, ойынды ынталандыру қажет үш сценарий бар:

а) есеп 0:0

б) есеп тең және палуандардың бірінің белсенділігі басым

в) бір палуан басым, ал оны қарсыласы тым қорғанып әрекет етеді.

Тұрған қалыпта амал-әрекет орындап ұпай жинаған палуанды төмен белсенділікпен жазалауға болмайды. Алайда, егер ол палуан белгілі бір уақыт аралығында күреспесе және оның қарсыласы ұпай жинап алған болса немесе ол (жеңіліп жатқан) анағұрлым белсенділік танытса, жеңіп келе жатқан палуан төмен белсенділікпен жазалануы мүмкін.

Белсенделегі төмен палуанды сипаттайтын критерилер:

- қарсыластың шабуылынан және қармауынан жалтарады;
- қарсыласының білегінен ұстап шабуылдамайды;
- қарсыласын байланыссыз шабуылдайды;
- шабуыл басатала салып бірден бастапқы позициясына оралу;
- жалған шабуылдар;
- қызыл сары аймаққа өтіп кетеді және сол жерде әрекетсіз болады;
- кілемнің ортасын бақыламайды;
- одан әрі позициясын жақсарту үшін қолын төменнен салмайды;
- белдесу кезінде қорғаныс тактикасына көшу.

Анықтама:

Төмен белсенділікті кілем басшысы растауы қажет. Егер төмен белсенділікті белгілегенде арбитр мен қапталдағы төреші айқын қателік жіберсе, кілем басшысының араласуына және төмен белсенділікті тоқтатуына құқығы бар.

Нақтылау

Егер палуан тосқауыл қойса, басын қарсыласының кеудесіне қойып алса, саусақтарын айқастырса немесе мүлде ашық белдесуден жалтарса (денесінің жоғары бөлігімен анағұрлым тік қалыпқа келуден бас тарту), төреші **мұны жағымсыз белдесу (ережені бұзу) деп есептейді.**

Жағымсыз белдесуге қарсыласына едәуір қауіпті немесе шабуылды және қызықты белдесуді қамтамасыз етудің негізгі қағидаттарына (мәселен, саусақтарды айқастыру, байланыстан жалтару) қарама-қайшы болатын кез-келген іс-қимыл жатады.

Жағымсыз белдесуді оның алғашқы белгілері байқалған сәтінде төреші анықтауы қажет (мысалы, «Қызылдағы, саусақтарыңды ұстама!») және кілем басшысы оны растауы тиіс.

Расталғаннан кейін бірден жағымсыз белдесу жарияланады және қарсыласына ескерту беріледі (0) және 1 ұпай (FS күресте) және ескерту (0) және 2 ұпай (GR күресте).

Жағымсыз белдесу жоғарыда және 47-50 баптарда айқындалғандай төмен белсенділікпен жазаланбауы тиіс.

Төмен белсенділікті белдесу мен жағымсыз белдесуді айыра алған жөн. Белсенділігі төмен палуанды жағымсыз белдесу үшін жазалау немесе керісінше істеу қате болып саналады.

Ескерту: төмен белсенділікке мәжбүрлейтін рәсімдер еркін және грек-рим күресі үшін айырмашылықтары көп.

9-ТАРАУ. ТЫЙЫМДАР ЖӘНЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН АМАЛ-ӘРЕКЕТТЕР 47-бап. Негізгі тыйымдар

Палуандарға мыналарға тыйым салынған:

- шаштан, құлақтан, жыныстық мүшесінен тартуға, шымшуға, тістеуге, қолдың және аяқтың саусақтарын бұрауға және т.б., ал ең бастысы қарсыластың денсаулығына залал келтіру мақсатындағы кез-келген іс-әрекеттер, сермеулер немесе амал-әрекеттер, оны берілуге мәжбүрлеу үшін қасақана жарақаттау

- қарсыласын аяқпен, баспен ұруға, қылқындыруға, бетінен ұстауға

- ішінен немесе мойнынан шынтақпен немесе тіземен жаншуға, шығып кету қаупін тудыратын кез-келген аударыспақтар жасауға, қарсыластың трикосынан ұстауға

- кілемнен ұстауға

- жекпе-жек кезінде сөйлесуге

- қарсыласын табанынан ұстауға (тек қана табанның жоғары жағынан немесе өкшеден ұстауға рұқсат беріледі)

- алдын ала өзара жекпе-жек нәтижесі туралы келісіп алуға

- белдесуге кедергі келтіру мақсатында және белсенді белдесуден жалтару үшін қарсыласының саусағын ұстауға және сындыруға.

Бұл жалпы тыйымдар ереже бұзушылықтың маңыздылығына қарай қолданылады:

1) ауызша ескерту

2) ескерту -1 ұпай FS күресінде/ 2 ұпай GR күресінде

3) жарыстан шеттету

Тәртіптік санкциялар сондай-ақ жарыс біткеннен соң кінәлі спортшыға қарсы қолданылуы мүмкін.

48-бап. Жекпе-жектен кету

Белдесуден жалтаруға шабуыл жасалушы палуан қарсыласына амал-әрекетті орындауға немесе бастауға кедергі келтіру үшін ашық түрде байланыстан жалтарған кез-келген жағдай жатады. Бұл жағдай тұрған қалыпта да, партерде де туындай береді. Олар кілемнің орталық аймағында да, төмен белсенділік аймағында да туындайды. Белдесуден жалтару кілемнен кіткен сияқты жазаланады, яғни:

Партерде белдесуден жалтару кезінде:

- ескерту айыпталушыға - (0), 1 ұпай – қарсыласына.

- белдесу партерде жаңартылады.

Тұрған қалыпта белдесуден жалтару (кету):

- 1 ескерту - айыпталушыға (0), 1 ұпай – қарсыласына.

- белдесу тұрған қалыпта жаңартылады.

Грек-рим күресінде партерде белдесуден жалтару

Егер астындағы палуан партерде бола тұра үстіндегі палуан белдесуді байланыстыра алмас үшін алға қарай шапшаң қимыл (қармаудан ытқып шықса) жасайтын болса, үстіндегі палуан астындағы палуанды белден төмен ұстап, қарсыласын тоқтата отырып ережені бұзған жағдай қалыптасады. Алайда, мұндай жағдайда ережені бұзған астындағы палуан деп қарастырылуы тиіс, өйткені ол белдесуден жалтарған болып есептеледі. Арбитр мұндай жағдайға мүлде жол бермеуі қажет (мұндай жағдайлардың алдын алу керек), өйткені бұл шабуыл жасалушы палуанның айқын түрде белдесуден жалтаруы деп есептеледі. Ол бұл жағдайды нақты және айқын анықтауы қажет. Мұндай әрекеттердің алдын алу үшін арбитр тура палуандардың алдында орналасуы қажет.

- палуан партерде қарсыласының қармауынан жалтарып алған қарай секріген бірінші жағдайда, арбитр бар дауысымен «тыңтаңыз, қармаудан жалтармаңыз! (секіруге болмайды!)» (attention, no jump) деп ескерту жасауы қажет.

- екінші рет қайталанғанда арбитр қапталдағы төреші мен кілем басшысына үстіндегі палуанға 1 ұпай, ал астындағы палуанға қармаудан жалтарғаны үшін ескерту беруге рұқсат сұрап белгі береді. Кілем басшысы келісім берген кезде арбитр палуандарды тұрғызып, жекпе-жектегі тоқтатады. Арбитр айыпталушы палуанға қателіктерін түсіндіруі және белдесуді партерде жаңартуы қажет.

Сондай-ақ, астындағы палуанға тоқтаусыз алға жылжыуға (қарсыласына шабуылдауға мүмкіндік бермей) тыйым салынады, олай болмаған жағдайда ол ескертумен жазалануы мүмкін, ал қарсыласына 1 ұпай беріледі.

Грек-рим күресінде астындағы палуанға партерде амал-әрекетті орындауға кедергі келтіру үшін бір немесе екі аяғын да бүгуге не көтеруге тыйым алынады.

Дегенмен, шетке үзілмелі қимылдармен қорғануға рұқсат берілген және жазаланбауы тиіс.

49-бап. Кілемнен кету (қасақана қашу)

Палуан тұрған қалыпта немесе партерде кілемнен қашқан жағдайда, ол жазаланады.

Ескерту, шабуылдаушы палуанға келесі ұпайлар беріледі:

Партерде кілемнен қашу:

- 1 ұпай + қарсыласына ескерту (0)

- белдесу партерде жаңартылады.

Қауіпті қалыпта кілемнен қашу:

- 2 ұпай + қарсыласына ескерту (0).

- белдесу партерде жаңартылады.

Тұрған қалыпта кілемнен қашу:

- кілемнен шыққаны үшін 1 ұпай + жалтарғаны үшін 1 ұпай, қарсыласына ескерту (0) –

Белдесу тұрған қалыпта жаңартылады.

Қорғаныс аймағында шабуылды аяқтаға алып келетін шабуыл кезінде тұрған қалыптан кілемнен қашу 2 ұпаймен марапатталады (лақтырғаны үшін) және ескерту беріледі + 1 ұпай (кілемнен қашқаны үшін). Белдесу партер позициясында жаңартылады. Қорғаныс аймағына аяқталмаған лақтыру шабуылы кезінде тұрған қалыптан кілемнен қашу 1 ұпаймен (шыққаны үшін) марапатталады және ескерту беріледі + 1 ұпай. Жекпе-жек тұрған қалыпта жалғасады.

Егер палуандардың біреуі қызыл сары аймақты басып кетсе, арбитр ол жөнінде палуанды « Қызыл\көк, аймақ!» деп ескертуі қажет. Палуан кілемнің ортасына қайта келуге тырысу қажет. Палуандар қызыл сары аймақта кезде шабуылдаушы әрекеттер жасалып жатса, шабуыл жасалушы палуанның бір немесе екі аяғы да қорғанушы аймақта болғанға қарамастан, олар тиісінше бағаланатын болады. Қорғаныс аймағында орындалған қарсы әрекеттер есептелмейді.

Егер палуан тұрған қалыпта айқын түрде қарсыласымен байланыстан қашса, өзін алшақ ұстаса, байланысты үзсе ол ескерту беру арқылы жазаланады, ал оның қарсыласына амал-әрекеттен жалтару ретінде 1 ұпай беріледі.

50-бап. Тыйым салынған амал-әрекеттер

Келесі амал-әрекеттер мен іс-қимылдар дұрыс емес болып есептеледі және қатаң тыйым салынады:

- тамақтан қылқындыру (қысу),
- қолды 90 градустан жоғары қайыру,
- қолды білекте қармап ұстау,
- бір мезгілде екі қолмен басты немесе мойынды қармау, сондай-ақ қылқындыруға жататын барлық қалыптар,
- қосарлама Нельсон, егер ол қапталдан орындалмаған болса және қарсыластың дене бөлігін қармау үшін аяқты пайдаланбағанда,
- қарсыластың білегі үшкір бұрышқа бұрылған кезде, бір мезетте қатты қысыммен қолын арқасына қайыру (қолын арқасына қайыру және қолының қоспасы мен желкесін біріктіруге тырысу).
- қарсыластың омыртқасын соза отырып амал-әрекет орындау,
- кез-келген бағытта бір немесе екі қолымен мойынды қармап қылқындыру.
- бастан тек қолмен қармауға ғана рұқсат беріледі,
- қарсыласын арқасынан және басын төмен садбыратып ұстағанда тұрған қалыпта амал-әрекет орындау кезінде, тек шетке ғана лақтыруға рұқсат беріледі, бірақ жоғарыдан төмен қарай тастауға болмайды,
- қауіпті қалыптағы (мост қалпынан) қарсыласын одан әрі кілемге лақтыру үшін көтеру (кілемге қатты соқтығысу);
- қауіпті қалыпта (мост қалпында) басқа қарай қысым жасау;
- ереже бойынша егер шабуылдаушы палуан амал+әрекет орындау кезінде ереже бұзған болса, бұл қимыл толығымен жойылады және бірінші ереже бұзу кезінде төреші шабуылдаушы пауанған «ескерту» береді. Жағдай қайталанған кезде ол ескертумен жазаланады және қарсыласына 1 ұпай беріледі.
- егер қорғанушы палуан заңсыз әрекеттерімен қарсыласына шабуылдаушы әрекетін дамытуға кедергі келтіретін болса, ол ескертумен жазаланатын болады және оның қарсыласы FS күресінде 1 ұпай, GR күресінде 2 ұпай алады.

Әйелдер күресіндегі тыйым салынған амал-әрекеттер

Партердегі немесе тұрған қалыптағы қосарланған Нельсонның барлық амал-әрекеттері әйелдер күресінде тыйым салынған.

U15 и U17 үшін тыйым салынған амал-әрекеттер

Балалардың (жасөспірімдер мен кадеттер) денсаулығын сақтау мақсатында келесі амал-әрекеттер тыйым салынған болып есептеледі:

- тек алдынан және артынан ғана емес, сондай-ақ қапталынан да қосарлама Нельсон,

- еркін күресте осы амал-әрекет қарсыластың басын қармаудан басқа аяғын аяқпен бір мезгілде қармау.

Ережені бұзған палуанға қатысты арбитрдың іс-әрекеті:

Егер шабуылдаушы палуан қорғанушы палуанның тыйым салынған әрекеттеріне қарамастан амал-әрекетін аяқтай алса:

- ережені бұзғандығын көрсету (жекпе-жекті тотатпай-ақ)

- амал-әрекеттің аяқталғанын күтіп жекпе-жекті

- орындалған амал-әрекет үшін тиісті ұпай беру

- ескерту жасау (0),

- шабуылдаушыға 1 ұпай (FS күресінде) және 2 ұпай (GR күресінде) беру

- белдесуді тоқтаған қалпынан қайта жалғастыру.

Егер шабуылдаушы палуан қорғанушы палуанның тыйым салынған әрекеттерінің салдарынан амал-әрекетін аяқтай алмаса:

- жекпе-жекті тоқтату және ескертуді көрсету (0),

- шабуылдаушыға 1 ұпай (FS күресінде), 2 ұпай (GR күресінде)

- позицияны таңдауды анықтау (белдесу қай позициядан тоқтатылса, сол позицияда қайта жалғасатын болады)

51-бап. Ерекше тыйымдар

Грек-рим күресінде қарсыласты белден төмен ұстауға және аяқтың көмегімен амал-әрекеттер орындауға тыйым салынады. Қарсыластың денесінің кез-келген бөлігін аяқтың көмегімен итеру, басу немесе «көтеруге» қатаң тыйым салынады.

Шабуылдағы қателіктер (шабуылдаушы палуан амал-әрекетті ережені бұза отырып орындайды)

- грек-рим күресінде егер шабуылдаушы палуан амал-әрекет орындау кезінде абайсызда байланысқа түссе немесе аяққа тосқауыл қойса, төреші:

- 1-ші ереже бұзу кезінде жекпе-жекті тоқтатып және айыпты палуанға ескерту жасауы;

- 2-рет ереже бұзғанда айыпты палуанның қарсыласына 1 ұпай беріп, ал айыпты палуанға ескерту беруі қажет.

Қорғаныстағы ереже бұзушылықтар (шабуылдаушы палуан қарсыласының аяғына тосқауыл қоя отырып ережені бұзады)

Грек-рим күресінде егер шабуылдаушы палуан қарсыласының аяғын не аяқтарына тосқауыл қоя отырып ережені бұзған жағдайда төреші:

- 1-ші ереже бұзғанда жекпе-жекті тоқтатады және шабуылдаушы палуанға 2 ұпай береді, ал айыпты палуанға ескерту береді;

- 2-ші ереже бұзғанда айыпты палуан бұл жекпе-жекте жеңіледі (жарыстан шеттетіледі). Еркін күресте басты, мойынды немесе кеудені екі аяқты айқастыра отырып қапсыра қармауға тыйым алынады.

52-бап. Ереже бұзу кезіндегі әрекеттер

Шабуылдаушы палуанның тыйым салынған қармауын егер ол мүмкін болса, арбитр жекпе-жектегі тоқтатпай үзуі тиіс. Егер палуанның денсаулығына зиян келмейтін болса, арбитр амал-әрекетті орындауға рұқсат береді. Тек осыдан кейін ғана ол жекпе-жектегі тоқтатады, ұпай береді және айыпты палуанға ескерту жасайды.

Егер амал-әрекет дұрыс басталып, содан соң тыйым салынған әрекетке көше, оны ереже бұзылған сәтінен бастап бағалау керек, содан соң жекпе-жектегі тоқтатып, белдесуді тұрған қалыпта жаңартып және шабуылдаушы палуанға ауызша ескерту жасалу керек.

Егер палуан тағы да тыйым салынған әрекетпен шабуылдаса, арбитр жекпе-жектегі тоқтатады, айыпты палуанға ескерту жасайды (0) және қарсыласына 1 ұпай береді.

Баспен қасақана ұру немесе кез-келген басқа дөрекілігі үшін айыпты палуан төрешілер бригадасының бірауыздан қабылдаған шешімінің арқасында тез арада жекпе-жектен шеттетіледі, хаттамадан «дөрекілігі үшін жарыстан шеттетілген» деп көрсетіледі. Ереже бұзған палуан қызыл карточка алады.

10-ТАРАУ. НАРАЗЫЛЫҚ

53-бап. Наразылық

Ойын аяқталғаннан кейін кез-келген наразылық немесе CAS-қа кез-келген апелляция немесе төрешілік ұйым қабалдаған шешімге қарсы юрисдикция қабылданбайды. Қандай да бір жағдай болмасын кілемде жеңісті хабарлағаннан кейін ойынның нәтижесі өзгермейді.

Егер UWW президенті немесе төрешілікке жауапты тұлға төрешілер алқасының ойынның нәтижесін өзгерту үшін өз өкілеттіктерін асыра пайдаланғанын байқаған болса, олар бейнежазбаны қайта көре алады және UWW бюросының келісімімен Халықаралық төрешілер алқасының регламентінің ережесінде көрсетілгендей кінәлі тұлғаларға қатысты санкция қодана алады.

11-ТАРАУ. МЕДИЦИНА

54-бап. Медициналық қызмет көрсету

Тиісті жарыстың ұйымдастырушысы салмақ өлшеу алдында медициналық қадағалауды жүргізуге және жарыс кезінде медициналық бақылауды жүзеге асыруға жауапты медициналық қызмет ұсынуға міндетті. Жарыстың барлық кезеңдерінде жұмыс істеуі тиіс медициналық қызмет UWW бас дәрігерінің қарамағында болады. Медициналық талаптар арнайы қағидаларда көрсетіледі.

Спортшылар салмақ өлшеуден алдын дәрігерлер спортшыларды қарайды және олардың денсаулық жағдайларын бағалайды. Егер қатысушы дені сау

емес деп танылса немесе өзіне не өзгеге қауіп тудырады деп есептелсе, ол жарыстан шығарылады. Жарыс кезінде және басқа да кез-келген уақытта медициналық көмек қайғылы жағдайлар орын алғанда жәрде көрсетуге дайын болулары қажет және палуанның жарысты жалғастыруға шамасы келеді ме жоқ па шешім шығаруы тиіс. Қатысушы командалардың дәрігерлері өздерінің жарақаттанған палуандарына толық медициналық көмек көрсетулеріне құқығы бар және бапкер мен команда өкілі жәрдем беру кезінде жанында бола алады. UWW палуанның жарақатына, мүгедектігіне немесе өліміне жауапкершілік алмайды.

55-бап. Медициналық қызметтің араласуы

а) жарыстың ресми дәрігері егер палуан одан әрі жекпе-жекті жалғастыра алмайды деп есептесе, жекпе-жекті кез келген уақытта тоқтата алады. Палуан ауыр жарақаттанған және оны ауруханаға жатқызу қажет болған жағдайларды қоспағанда, өз еркімен кілемнен кетуге құқығы жоқ. Егер спортшы жарқаттанса, арбитр дәрігерді тез арада араластыруы қажет, егер дәрігер жарақатты растамаса, арбитр төрешінің немесе кілем басшысының келісімімен жалған жарақаттанған спортшыға қатысты санкция қолдануы тиіс.

б) палуан жарақаттанған жағдайда, медициналық көмек көрсетуге қажетті уақыт беріледі, содан кейін UWW дәрігері палуан жекпе-жекті жалғастыра алады ма жоқ па шешім шығарады.

в) бір жекпе-жек кезінде қанды тоқтату үшін палуанға 4 минут уақыт беріледі. Осы уақыт біткеннен кейін жасалтын әрекеттер 27-бапта көрсетілген.

г) UWW медициналық комиссиясы ұсынылмаған халықаралық жарыстарда жекпе-жекті тоқтату туралы шешімді UWW тағайындаған UWW делегатымен немесе реферимен кеңескеннен кейін жарыстың дәрігері және жарақаттанған палуанның командалық дәрігері қабылдайды.

д) палуанға жекпе-жекті жалғастыруға тыйым салу туралы шешім қабылдайтын дәрігердің азаматтығы аталған палуанмен бірдей болмауы тиіс және ол сол палуанның жеңіске жеуіне мүдделі болмауы тиіс. Егер сондай қызығушылықтар болса, онда жекпе-жекті тоқтату туралы шешімді делегат анықтаған басқа дәрігер қабылдайтын болады.

е) алғашқы медициналық көмек көрсету жөнінегі барлық шығындарды (ауруханаға жатқызуды талап етпейтін) жарыстың ұйымдастырушылары көтереді. Ауруханаға жатқызуды талап ететін жарақаттар UWW лицензиясының есебінен төленетін болады, дегенмен болған жайт туралы лицензиялық карточканың артқы жағында байланыс нөмірлері көрсетілген сақтандыру компаниясын тез арада хабардар ету қажет.

ж) егер спортшы жарақат алса және жекпе-жекті жалғастыра алмаса, ол жекпе-жекте жарақатының салдарынан жеңілген болып есептеледі. Жарақаттанған спортшыға екінші рет салмақ өлшеудің қажеті жоқ және ол жарақат алғанға дейінгі жинаған ұпайларының есебінен сараланатын болады. Егер жарақаттанған спортшы келесі ойындарға қатысуға дайын болса, ол UWW

дәрігерінің рұқсатын алу керек. Жарақаттанған спортшының өзінің жарақаты туралы UWW дәрігеріне хабарлау үшін оның бірінші жарыс күні біткеннен кейін кем дегенде бір сағат уақыты болады.

Жарыстан тыс болған жарақаттар мен ауруларыдың барлық түрінде тиісті спортшы екінші салмақ өлшеуге келуі тиіс, өйтпеген жағдайда ол жарыстан шығарылады және рейтингте соңғы орынды алады.

56-бап. Допинг

UWW жарғысының ережелеріне сәйкес және ресми тыйым салынған допинг қолданумен күресу мақсатында UWW өзі бақылайтын барлық жарыстарда палуандарды тексеруге және тестілеуден өткізуге құқығы бар. Бұл талаптар Құрлықтар чемпионатында және Әлем чемпионатында UWW қағидаларының талаптарына, Олимпиада ойындарында және Құрлықтар ойындарында ХОК қағидаларына сәйкес міндетті болып табылады.

Қатысушылар мен басшылар бұл бақылаудан өтуден бас тарта алмайды, өйткені тез арада жарыстан шығаруылуы және оларға қатысты допинг пайдалану анықталған кездегі қарастырылған санкциялар қолданылуы мүмкін.

Медицинская Комиссия UWW медициналық комиссиясы қажет деп тапқан барлық құралдарды пайдалана отырып тексерудің уақыты мен санын, жиілігін анықтайтын болады. Сынамалар мен анализдерді тестілеу кезінде палуанға ұсынылған офицердің қатысуымен UWW аккредиттеген дәрігер алады.

Допинг сынамаларын алуды ұйымдастыру мен шығындарын төлеуді ұйымдастырушы мемлекет және Ұлттық федерация жүзеге асырады. Тыйым салынған препараттар мен заттарды қолдануда оң нәтиже көрсеткен жағдайларда, айыпталушыларға UWW допингке қарсы қағидаларына сәйкес санкциялар қолданылатын болады. ХОК қол қойған және Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік (WADA) арқылы жүзеге асырылатын допингпен күресуге бағытталған конвенцияның объектісі (субъектісі) ретінде барлық белгіленген ережелер, рәсімдер және санкциялар қолданады.

UWW бюросының палуандардың біреуіне допингке қарсы санкцияларды пайдаланған жағдайда Лозаннадағы (Швейцария) CAS (Арбитражды Спорттық Сот) атқарушы орган болып табылады.

12-ТАРАУ. КҮРЕС ҚАҒИДАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

UWW атқарушы кеңесі күрестің техникалық қағидаларын жақсарту мақсатында маңызды болып табылатын жоғарыда көрсетілген ережелердің кез-келген өзгерістеріне қатысты шешім қабылдайтын бір ғана орган болып табылады.

Осы қағида UWW таратқан барлық нұсқаухаттарды және ақпараттарды ескере отырып әзірленді. Мұнда UWW конгресі қабылдаған қосалқы ұйымдар мен Бюро ұсынған барлық ұсыныстар бар.

Бұл Ережелер Атқару бюросы қабылдаған барлық ықтимал өзгертулер немесе түсіндірулер туралы шешім қабылдау сұралатын келесі Конгреске дейін осы түрдегі жалғыз құжат болып табылады.

Сотқа шағымдану болған жағдайда, тек француз тіліндегі мәтіннің күші бар.